



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№27 (564)
4 шілде,
2024 жыл

СОЙЫЛ СӨЗ

ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК НӘМ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТАРАЗЫСЫ

Қызылорда қалалық «Жастар» театрының «Еңлік-Кебек» трагедиялық қойылымын көріп отырып үлкен ойға шомдым. Шығарма желісінде Матай мен Тобықты руының арасындағы жер дауы, жесір дауына ұласады. Сыбан еліне атастырылған Еңлікке Тобықтының хас батыры Кебек ғашық болады. Оқиға барысында Еңліктің күйеуі оқыс жағдайда қайтыс болып, оны қайынағасы Есен әменгерлік жолмен жер етуді көздейді. Алайда бір-бірі құлай сүйген Еңлік пен Кебек қосылып, елден қашып кетеді. Екі тараптың билері ұзақ дауласады. Ақырында, екеуін өлім жазасына кеседі. Еңлік пен Кебек өз махаббаттары үшін күресіп, бірге қаза табады. Яғни спектакльдің негізгі идеясы қазақ қоғамындағы әйел теңдігі, руластар мен рухастар қақтығысы, махаббат және салт-дәстүр ұстанымдарына негізделгенін түсінесің. Демек теңдік деген ұғымның таразысы тарих бедерінде-ақ шайқалғанын байқаймыз. Қазақтың қанына сіңген мыңжылдық дәстүрі мен заманауи ұғымның қайшылығы жаңа терминдердің тайталасын туғызуда. Сол себепті гендер мәселесіне жан-жақты ойлану қажет.

Әуелі «гендерлік саясат дегеніміз не?» деген ұғымға ұғынықты жауап іздеп көрейік. Бұл – әйелдерді ерлермен тең дәрежеде билікке тарту, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық-

зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешу. Еліміздің саяси қағидаты бойынша да ерлер мен әйелдерді қоғамның барлық саласында теңестіру қарастырылған. Демек ерлер мәселесі де назардан тыс қалмайды. Бірақ заңның тұманды, баптардың күмәнді тұсы аз емес.

3



АСПАН ӘЛЕМІ ШАБЫТТАНДЫРАДЫ

Аспан әлемі шексіз кеңістікке деген құштарлықпен, ізденіспен өрілген адамзат баласының ежелгі арманының бірі. Көкте самғау, бұлттарды кесіп өту, қыран құстай еркіндікке ұмтылу – жанға жақын ерекше сезім. Әуеге көтерілу алғаш рет қанат жайған балапанның ұясынан ұшып шығуымен тең. Ол жаңа әлемге жол ашып, жан мен тәңнің жеңілдігін сезіну, шексіздіктің құдіретін тану, өзіңмен өзін қалу сәті десек қателеспейміз.

Мұндай сезім мен эмоцияны авиация саласының мамандары жақсы біледі. Ұшқыш болу – тек мамандық емес, бұл арманды шындыққа айналдыру, көк аспанның құпиясын ашу және адамзаттың қолы жетпейтін биіктерге қол жеткізу жолы. Осы орайда «Азаматтық авиация академиясының» үздік түлегі, «Qazaqair» әуекомпаниясының ұшқышы Мәди Оразбаевпен әңгімелескен болатынбыз. Мәди – өз ісіне берілген, көкке самғаған 23 жастағы жас ұшқыш. Ол – бала кезіндегі арманың мақсатқа айналдырып, талпыныс пен еңбектің арқасында кәсіби маман атанған жастың бірі.

8-бетте

ВИЗА: ЖАҒАНҒА АШЫЛҒАН ЖОЛ



Шетелге шығып, ел көру, жұмыс істеу, білім алу – бүгінде дамудың бір жолы. Қоныс аударып, жат елді жақын көрген қандастарды да көріп жүргеніміз рас. Алайда шекара асу үшін құжатыңды жинап, лезде шабаданыңды дайындап кете алмайсың. Ол үшін арнайы виза алып, Қазақстанның азаматы екеніңді дәлелдейтін паспорт жасатасың, түптеп келгенде шетелге шығудың өзі-ақ «шаршататын» іс.

ВИЗАСЫЗ ДА ШЕТЕЛГЕ ШЫҒУҒА БОЛАДЫ

Ең алдымен виза туралы айта кетсек. Бұл құжат адамға белгілі бір уақытқа шетелде жүру құқығын береді. Әдетте виза басқа мемлекеттің аумағына кіруге нақты рұқсатты береді. Алайда елден кетуге құқық беретін «шығу» визалары да бар. Оның түрлері: жұмыс визасы, іскерлік визасы, отбасылық виза, жеке сапарға арналған виза, туристік виза, инвесторлық виза, бизнес-иммигранттар визасы, тұруға ықтияхат алу үшін берілетін виза. Сондай-ақ шенген визасы да бар.



2



ДОМБЫРАНЫҢ 5 АСЫЛ ҚАСИЕТІ

Алаштың сан ғасырлық тарихы, бар болмысы – домбыраның бойында. «Нағыз қазақ қазақ емес, домбыра» деп Қадыр ақын айтқандай, ұлттық аспаптың қоңыр үні естілгенде көңіл қуанып, ұлттық рухың көтеріледі. Біз бүгін домбыраның 5 ерекшелігіне тоқталмақпыз.

2

САЯНЫҢ СЫРЫ 5-СЫНЫПТА

200 МЫҢ ТЕҢГЕ АЙЛЫҚ АЛДЫМ

Біз білетін талантты жастың бірі – Сая Қыдырәлі. Ол білімге құштарлығы мен талпынысының арқасында бала кезден ағылшын тілін меңгеріп, халықаралық деңгейдегі жетістіктерге қол жеткізді. Бес жасында шетелдің азаматы іспеттес сөйлеуге ұмтылған ол 9 жасында өзгелерге сабақ бере бастады. Ал он төртінде 2 оқу орталығын ашып, мыңдаған шәкірт оқытып, бүгінде олардың білім деңгейін көтеру жолында еңбек етіп жүр.

Талантты жас кәсіпкердің жетістікке жету жолындағы тәжірибесі бізге де үлгі болары анық. Осы орайда 17 жастағы кейіпкерімізбен байланысқа шығып, жетістіктері, қиындықтары мен болашаққа жоспары туралы әңгімелестік.

– Ағылшын тілін ерте меңгердіңіз. 5-6 жас аралығында тіл үйренуге құштарлығыңызды не оятты? Бұл жолға кім бағыттады?

– Менің бапкерім, ақылшым – анам. Қандай мәселе, шешім, таңдау болсын анаммен ақылдасып, сырласамын. Ағылшын тілін үйреніп және бүгінгідей мықты дәрежеге жетуіме себепкер болған да – анам.

Ал менің қызығушылығым саналы түрде 8 жасымда пайда болды. Себебі сол кезеңде мен ағылшын тілінің жапон, француз тілдері секілді әлемге жол ашатын құрал екенін түсіндім. Яғни бұл арқылы қалаған оқу орнына грант ұтып алып, халықаралық ұйымдарда жұмыс істеуге шақырту алып, жаһандық аренаға шығуға болатынын ұқтым.

8-бетте



Басы 1-бетте



ВИЗА: ЖАҢАҢА АШЫЛҒАН ЖОЛ

– 90 еуроны, 6 және 12 жасқа дейінгі балалар үшін – 45 еуроны құрайды.

Шетелге шығу шеттен шықпауы тиіс

Алайда визасыз да шетелге шығуға болатынын білгеніміз абзал. Кейбір мемлекеттер қазакстандықтар үшін 1 жыл немесе сол жыл ішінде белгілі уақытқа визасыз жүру үшін беруге келісім жасасқан. Атап айтқанда, Грузия мемлекетінде – 365 күн, Арменияда – 180 күн, Әзірбайжан, Албания, Андорра, Гаити, Колумбия, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Түркия (180 күн ішінде 90 күн), Украина, Молдова, Монғолия мемлекеттерінде – 90 күн визасыз жүруге мүмкіндік бар. Тізім аталған мемлекеттермен тәмамдалып қалмайды. Бұдан бөлек, 20-дан астам елге аталған құжатсыз кіруге болады.

Шенген визасы туралы білесіз бе?

Шенген визасы – Шенген аймағында 180 күн ішінде 90 күннен аспайтын қысқа мерзімді болу үшін кіру визасы. Бұл келісім 26 мемлекетті қамтиды: Аустрия, Бельгия, Мажарстан, Греция, Дания, Германия, Исландия, Испания, Италия, Латвия, Литва, Люксембург, Лихтенштейн, Нидерланд, Норвегия, Мальта, Польша, Португалия, Словакия, Словения, Финляндия, Франция, Чехия, Швеция, Швейцария және Эстония. Егер сіз «Франция» мемлекетіне бару үшін шенген визасын жасатқан болсаңыз, шенген аймағына кіретін өзге мемлекеттерге Франциядан бару үшін қайтадан виза жасатпайсыз. Бұл шенген визасының ерекшелігі. Шенген визасын алу құны 2024 жылдың 11 маусымынан бастап

трлігі ЕуроОдақ өкілдерімен визалық режимді жеңілдету жұмыстарын қарастырады. Десек те заңбұзушылық болып, виза алу рәсімі қиындау үстінде. Көптеген азамат жалған құжат беріп, визаны алу процесін жеңілдеткісі келеді. Өз ретінде мұндай әрекеттер Қазақстанның имиджіне айтарлықтай кері әсерін тигізеді. Бұл туралы Сыртқы істер министрлігінің өкілдері хабарлады. Осы қолайсыздықтың әсерінен шенген визасын алу қиындай түсуде.

– Қазақстан азаматтары көбіне жалған мәліметтер беріп, шетелге шықпақ түгілі елден шыға алмай жатыр. Осы мәселе болып тұр. Әрине, виза беруден бас тарту проценті өсіп келе жатыр. Неге? Себебі біздің азаматтар жалған мәлімет беруде. Олар ұшақ билетін жалған броньға қояды немесе қонақүйдің жалған деректерін көрсетеді, жұмыс істеп жатқан орыннан жалған ақпарат алып келеді: айлығы, банктегі шоты туралы.

Мұның бәрін шетел визалық орталығының консулымен бірге тексеріледі. Бұл уақыт алады. Осыдан «Бізге неге визаны тез бермейді?» деген сұрақ туындайды. Әрине, жалған ақпарат берсең, виза беру рәсімі де созылады. Жалған ақпаратты берген адам олардың арнайы тізіліміне енгізіледі. Келешекте оған виза алу қиын болады. Сондықтан қазақстандықтар ақпарат беретін болса, нақты ақпарат беруі керек. Бұл бәрине әсер етіп жатыр, – деді ведомство өкілі Айбек Смадияров.

Виза алу рәсімі

Ал енді виза алудың оңтайлы жолдары туралы сөз етейік. Ең әуелі виза алу үшін құжаттарыңызда ешқандай қате жоқтығына көз жеткізіңіз. Тіпті есіміңіздің латынша дұрыс жазылғанына дейін қарауыңыз қажет. Себебі виза дайындау орнында жіберілген қателік өзге мемлекеттің шекарасынан асқаннан кейін сізге тосқауыл болуы мүмкін. Сондай-ақ сізде әлі де виза болмаса, барамын деп жоспарлаған мемлекетіңізге алдын ала билет алмағаныңыз дұрыс. Демалыс мезгілдері көктемнің мамыр айларынан басталады. Сол уақытта виза алудың да уақыты ұзаруы мүмкін. Мұны ескеріп, виза алуға құжаттарды кемінде 1-2 ай бұрын даярлаған жөн. Жалпы виза алу уақыты 15 күн аралығын қамтиды. Егер де өтінім қабылдау мерзімі ұзарса, бұл құжаттарда кінәраттың бар екендігінен хабар береді.

Америка, Жапония секілді алпауыт мемлекеттерге виза алу қиын. Ал көптеген жас сол мемлекеттерге баруды армандайды. Дегенмен құжатын мақұлдамай, салы суға кетіп жүргендер бар. Америкаға виза алу рәсімі тіпті күйзеліске де әкеліп жатады. Әлеуметтік желіде өзінің виза алу тәжірибесімен бөліскендердің бейнежазбасы бұған дәлел бола алады. Сонау 2006 жылы аталған мемлекетке визаны мақұлдау пайызы 12,5-ті құраған статистика бүгінде 41,93%-ға көтерілген.

P.S. Визаға қатысты қызықты ақпарат. Әлемде мемлекеттер арасында визасыз саяхаттауға мүмкіндік беретін елдер бар. Мәселен, Сингапур мемлекетінің паспорты – 192 мемлекетке, ал Жапония, Германия, Италия және Испания паспортымен 190 мемлекетке визасыз кіруге болады. Сондай-ақ бұл тізімді Австрия, Люксембург, Финляндия, Франция, Швеция және Оңтүстік Корея мемлекеттері жалғастырады. Олар 189 мемлекетке визасыз саяхаттауға рұқсат етеді.

Нұршат НЫШАНОВА

Басы 1-бетте

ДОМБЫРАНЫҢ 5 асыл қасиеті

Домбыра – ән айтушы

Домбыра қазақ халқының басты аспабы болып есептеледі. Сонымен бірге домбырада күйшінің дауысына сүйемелдеу қолданысы бар. Қазақ күйшілерінің көптеген шығарма еңбегі сөзімізге дәлел. Мысалы, Ақан Серінің «Сырымбет», «Үш тоты құс», «Құлагер», «Қара торғай» және «Балқадияш» атты ән-күйлері халық арасында кең тараған.

Домбыра – шер қозғаушы

Әдет-ғұрып қазақ халқының өмірінде ерекше орын алады. Сол шараларда тұрмыс-салт жырлары жиі орындалады. Сондай шығармалардың мазмұны әртүрлі болады. Мысалы: қоштау, естірту, көңіл айту, жоқтау, жұбату жанрына жататын күйлер тек қана қазалы оқиғаларда орындалатын. Мәселен, Төлеген Момбековтің қайтыс болған әйеліне арналған «Салтанат» жоқтау күйі, Махамбеттің Жұмыр мен Қылыш батырлардың патша өкімшілігінен кинап өлгені туралы «Жұмыр-Қылыш» атты күйі және де Тәттімбеттің Кенесары ханның қаза болғанына арнайы шығарылған «Азына» атты жоқтау күйлері халықтың шерін қозғайтын күйлер.

Домбыра – жан арашашысы

Домбыра шерту қабілетінің арқасында адамның өмірін сақтап қалу қазақ халқына тән оқиға. Кетбұға өзінің «Нарату» күйімен қазақ даласына танымал болған. «Ақсақ құлан» күйінің жаралу епанасы – Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы құлан аулауға шыққанынан бастау алды. Аң аулау кезінде абай болмаған Жошы жазым болды. Хан қаза тапқан баласының мерт болғандығы туралы хабар берген тірі жанның басын алуға бекінген. Жошының қайтыс болғанын екісіне хабарлауға ешкімнің батылы жетпегендіктен, Кетбұға атты ұлы жыршы қолына домбырасын ұстап, «Ақсақ құлан» күйін ойнап, адамдардың өмірін сақтап қалды.

Домбыра – тарих жалғастырушы

Домбыра арқылы аңыз бен ертегілерді сүйемелдеумен бірге қазақ елінің тарихи өмірін, тұрмысын және дәстүріндегі көптеген деректі ашып көрсетуге болады. Аңыз-әңгімелер біздің тарихи жылнамалық ең берік дереккөзі. Мысалы, Асан қайғының өмір жылдары Алтын Орда кішкентай хандықтарға ыдырауымен сәйкес келген. Асан қайғының өзі Дешті Қыпшақтан жақында ғана бөлініп келген қазақтың болашағын ойлаған дала ақыны болған. Өзінің мемлекетпен елінің тағдыры туралы ой-пікірлерін Асан қайғы күйлерінде көрсеткен. Біздің заманымызға Асан қайғының «Ел айырылған», «Асан қайғы», «Желмаяның жүрісі», «Зар» деген күйлер жетті. Бөкей ордасындағы көтерілісі туралы Құрманғазы Сағырбайұлының «Кішкентай» күйі, Патшалық Ресейдің қазақ жерінің колонизациялауы жайындағы Тәттімбеттің «Сарыжайлау», «Көкейкесті» атты күйлері де тарихи маңызы бар күйлер деп есептеледі.

Домбыра – дәстүрді сақтаушы

Домбыра шерту өнері мен ақындық өнер атадан балаға тарап, қазақ даласында күйшілер династиясын жарыққа шығарды. Күйшілер династиясының жарық өкілінің бірі – Ықылас Дүкенұлы. Ықылас Дүкенұлы өнерлі жанұяда дүниеге келді: атасы Алтынбек зергер болғанымен музыкалық аспап құрастыруға қабілеті болған кісі. Оның баласы Дүкен әкесі істеп берген домбыра, қобыздарда өнер көрсетіп, домбыра шертуді ұлы Ықыласқа үйреткен. 18 жасында Ықыластың өзі әкесі шығарған күйлерге өзгеріс енгізіп, елге аты жайылды. Ықыластың әйгілі күйлеріне «Жезкіік» пен «Қамбарды» жатқызуға болады.

Аян ӘДЕН



2024 жылдың III тоқсанына арналған Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының және департамент басшысы орынбасарларының жеке тұлғалар және заңды тұлғалар өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ

р/с	Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Байланыс телефоны	Қабылдау күні мен уақыты
1	Күзембаев Ербол Кабабайұлы	Департамент басшысы	23-38-09	әр аптаның сәрсенбісі, сағат 15.00-16.00-ге дейін
2	Майрбаева Айрамкүл Ахатовна	Департамент басшысының орынбасары	23-37-35	әр аптаның жұмасы, сағат 16.00-17.00-ге дейін
3	Обенов Талғат Оразбекұлы	Департамент басшысының орынбасары	20-22-20	әр аптаның бейсенбісі, сағат 16.00-17.00-ге дейін

Мекен-жайы: 120000, Қызылорда қаласы, Жалаңтос Баһадүр көшесі, №2. Байланыс тел.: 8 (7242) 23-38-09. E-mail: fnk.kyzyl@minfn.gov.kz

Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 2024 жылдың III тоқсанына арналған жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж.	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті	Бердібаев Ерман Құлшамметұлы	Бердібаев Ерман Құлшамметұлы - Департамент басшысы	Сәрсенбі сағат 16.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы Д.Конаев көшесі 7А	8724-2-270301
	Омаров Серік Серікбайұлы	Омаров Серік Серікбайұлы - Департамент басшысының орынбасары	Сәрсенбі сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы Д.Конаев көшесі 7А	8724-2-270301

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының буылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті 8724-2-270301 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

ЖАСТАР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

«Таза Қазақстан» экологиялық жастар марафоны

Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бастау алды. Акцияның негізгі мақсаты – қоршаған ортаны таза ұстауға және ластамауға шақыру. Президент өз сөзінде «Шын мәнінде елімізді көгалдандыру, абаттандыру үлкен мемлекеттік маңызы бар іс. Бұл бүгін шығып, ертең ұмытып кететін бір реттік науқан емес. Аталған жұмыс тұрақты түрде жүргізіледі. Туған жерімізді таза ұстауымыз керек. Бұл жалпыұлттық мәселе» – деп үндеген болатын.

Аталған акция аясында облыстық әкелер одағы және облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Таза Қазақстан» экологиялық жастар марафоны өтті. Акция қаламыздың сол жақ жағалауындағы «Жастар аллеясында» ұйымдастырылды. Марафонға қатысушы жастар белгіленген уақыт ішінде қоқыс жинаудан сайысқа түсті.

Экологиялық акцияға облыстық мәслихат депутаты, облыстық әкелер одағының төрағасы Ержан Искендіров қолдау көрсетіп, шара қорытындысында жеңімпаз жастар арнайы қаржылай сыйақылармен марапатталды.

«Ән мен күй, жырдың киесі, қасиетті қара домбыра»

«Ұлттық мұра» жобасы аясында домбыра күніне орай Арал аудандық мәдениет орталығының ұйымдастыруымен «Ән мен күй, жырдың киесі, қасиетті қара домбыра» атты жыр кеші өтті.

Мерекелік шараға аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев, «AMANAT» партиясының Арал аудандық филиалының төрағасы Базарбай Төрахметов, атқарушы хатшысы Талғат Қанатов қатысты.

Шарада «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегерлері Демеубай Жолымбетов, Марат Сүгірбай, Айбек Тәнірбергенов, «Тұран» сыйлығының иегері Үкітай Ернұсұманов, Дәрікділ жырау үйірмесінің жетекшісі Ғанибек Өмірзақов, сондай-ақ республикалық байқаулардың жеңімпаздары, белгілі жас жыршы-термешілер өнер көрсетіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Баба рухына тағзым

«Дархан дала» жобасы аясында Қазалы ауданы имамдары «Жанқожа батыр» кесенесіне зиярат жасады.

Зиярат барысында баба рухына Қасиетті Құран кәрім аяттарын «Нұралы» мешітінің имамы Бахтияр Саламатов оқыса, батасын ардагер имамы Ғалым Алманияз бағыштады. Еліміздің амандығы мен халқымыздың тыныштығын, ауызбіршілігін тіледі.

Жанқожа Нұрмұхамедұлы (1774-1860) – батыр, Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне және Ресей отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің данқты қолбасшысы.

Зияраттан соң аудан имамы Нұрдуәлет Асқарұлының шаңырағында кент және ауыл имамдары ақ дастарқан басында жиналып, ҚМДБ бекіткен бес бағыт жоспарын талқылап, екінші жарты жылдық жұмыстарын пысықтады.

Домбыра – халық мұрасы

Домбыра – қазақтың киесі, қасиеті, қазынасы. Қазақ пен домбыра егіз ұғымдай. Міне, осы қасиетті аспабымызды ұлықтау мақсатында Ұлттық домбыра күні аясында Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен «Домбыра – халық мұрасы» атты әуез аспаптар көрмесі өткізілді.

Көрмеге музей қорындағы музыкалық аспаптар мен бірнеше домбыра түрлері қойылды. Сондай-ақ көрме барысында домбыраның қасиеті дәріптеліп, ұлттар мен ұлыстарды жақындатырған музыка өнері туралы мағналы мәлімет берілді.

«Мүмкіндіктер көруені»

Аудандық қоғамдық даму бөлімінің әлеуметтік тапсырысы аясында Жалағаш ауданы жастарының «Темірқазық» қоғамдық бірлестігі және аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Бұқарбай батыр ауылдық округінде жастарды әлеуметтендіруге бағытталған «Мүмкіндіктер көруені» шарасы өткізілді.

Көрсен беру жұмыстарына аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі, мансап орталығы, «Отбасы банк» АҚ және жастар ресурстық орталығының мамандары қатысып, мемлекеттік бағдарламалар бойынша кең көлемде ақпараттар берді.

Сонымен қатар шара аясында Жалағаш ауданына қарасты ауыл жастарына бағытталған аймақтық спорттық сайыс өткізілді. Сайысқа Бұқарбай батыр, Таң, М.Шаменов, Ақсу, Қаракеткен ауылдарының және Далдабай елді мекенінің жастары қатысты. Сайыс 3 кезең бойынша (шағын футбол, турникке тартылу, арқан тарту) өтті. Жалпы командалық есеппен III орынды Далдабай елді мекені, II орынды Бұқарбай батыр ауылы, I орынды Ақсу ауылы иеленді. Сайыс жеңімпаздары қоғамдық бірлестіктің кубок, дипломдарымен және қаржылай сыйақылармен марапатталды.

Жастармен кездесу

Аудандық мекемелер үйінде Жастар денсаулығы орталығының мамандарымен нарколог-фельдшер Қ.Жұмабеков, акушер гинеколог С.Жәнібекқызы, уролог дәрігер А.Қуатов және психолог мамандар аудан жастарымен кездесті.

Кездесуде халықаралық нашакорлыққа және есірткінің заныс айналымына қарсы күрес күні мен жасөспірімдер мен жастардың репродуктивтік денсаулықты күтуі жөнінде, қорғаныш тапшылығының инфекциясын жұқтыру, есірткі құралдарын пайдаланудың алдын алу және есірткі қылмысына қарсы іс-қимылды жүргізу, есірткінің жағымсыз салдары туралы, сондай-ақ репродуктивтік денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы мәлімет беріліп, ақпараттық ұнпарактар таратылды.

Жиын барысында мамандар есірткіден бойды аулақ салудың маңыздылығын ескертіп, салауатты өмір сүру салтын ұстануға шақырды.

Кинотеатр ашылды

Аудан орталығында «AIZHULDYZ CINEMA» кинотеатрының ашылу салтанаты өтті.

Жеке кәсіпкер Бағлан Сейтмұратов аудан жастарына демалыс орын ашып беруді басты мақсат ете отырып, құрылыс жұмыстарын өз қаражатымен бастаған. Береке сауда үйінің жанында орналасқан кинотеатрдың көлемі 128 адамға арналған. Сондай-ақ онға жуық адамды жұмыспен қамтуға қауқары бар.

Ашылу салтанатына арнайы келген эстрада жұлдызы Бағлан Әбдірайымов аудан халқын құттықтап, ән шырқалды.

Ұлттық домбыра күні

Ұлттық домбыра күні – еліміз үшін ерекше мейрам. Осыған орай, «Prime Park» орталық саябағында Ұлттық домбыра күніне орай мерекелік шара өтті.

Шара барысында сөз алған аудан әкімі Мажит Самитов аудан тұрғындарын мерекемен құттықтады.

Сондай-ақ шарада 100-ден аса домбырашының орындауында шығармалар орындалып, ұлттық аспаптың асқақ үнін аспанға әуелетті. Одан бөлек кеш барысында әуезді ән де шырқалды.

«АЖ» ақпарат

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

«Ақбай Агро» ЖШС (БСН 160440015698) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, Төлеген Метедбаев көшесі №17 үй.

2024 жылғы III тоқсанда Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаментінің басшыларының азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті	Дүйсенбаев Өзбек Сейтамалұлы	Дүйсенбаев Өзбек Сейтамалұлы басшы	Сәрсенбі Сағат 16.00-18.00	Қызылорда қаласы Д.Конаев көшесі, 7А	87242-262362
	Есқараев Әлібек Тайжанұлы	Есқараев Әлібек Тайжанұлы басшының орынбасары	Сәрсенбі Сағат 16.00-18.00		87242-262140
	Мырза Канат Әзімханұлы	Мырза Канат Әзімханұлы басшының орынбасары	Дүйсенбі Сағат 16.00-18.00		8724-2-274959
	Осламов Тимур Ермекұлы	Осламов Тимур Ермекұлы басшының орынбасары	Бейсенбі Сағат 16.00-18.00		8724-2-262201

Қазақстан Республикасының қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары талаптарының буылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда облысының Қазынашылық департаменті (8724) 26-17-84 «сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлайды. Аудандық, қалалық қазынашылық басқармалар бойынша: Арал (8724-33)22384, Қазалы (8724-38)22101, Байқоңыр (8336-2) 273818, Қармақшы (8724-37) 21443, Сырдария (8724-36) 21351, Жалағаш (8724-31) 31831, Шиели (8724-32) 41067, Жаңақорған (8724-35) 22083.

Басы 1-бетте

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК ҺӘМ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТАРАЗЫСЫ

Әйел жанып жатқан отты,
шауып келе жатқан атты
тоқтатпайды

Гендер – қоғамдағы адамның жүріс-тұрысын анықтайтын әлеуметтік сала. Ол биологиялық айырмашылыққа емес, қоғамның әлеуметтік ұйымына бағынышты ерлер мен әйелдер қызметінің теңдігін белгілейді. Гендерлік саясат әйелдерге тең қол жетімділікті және өмірдің барлық салаларына қатысуды қамтамасыз етуі керек. Отбасының тізгіні ер адамға жауапкершілік ретінде жүктеледі. Еркектер әйелдерге пана, қамқор, басқарушы. Сол басқарушылықты дөрекілікке, қамқорлықты жалқаулыққа айналдырмаса дейсін. Өйткені, елімізде әйел адамның бәрі бірдей өз құқықын біліп, қорғай бермейді. Зорлық-зомбылықтың құрбаны болатыны да сол себептен. Ең бастысы әйел адамның туа бітті нәзік жан екенін ұмытпауымыз керек. Қазақстанда демографиялық өсімді қамтамасыз етуде әйелдердің үлесіне баға жетпейді, себебі, балалардың туылуы, олардың тәрбиесі әйелдердің мойнында.

Гендерлік саясатты дамыту, әйел мен еркектің теңдігі мәселелерін жолға қою ісі айналып келгенде әйелдерді «еркектерден қай жерің кем» деп елпірте беру емес. Бұлай түсіну қисынсыз. Кейбір әйел заты қиындыққа шыдамай, еркекше шым-шөп, шарап ішіп, өмірін өксітіп жатады. Бұл, әрине, біздің қазакқа жат қылық. Бірақ гендерлік саясат стратегиясынан отбасындағы тепе-теңдік пен үйлесімділік, яғни гармония жоғалмайды. Ал үйлесім таппағандар тек өзіне өкпелеуге тиіс. Қазақтың есті әйелінің бейнесі бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербеткенде ғана нұрлана түспек.

Саяси көзқарасқа оралсақ, қоғамдық өмірдің барлық саласында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызметті гендерлік саясат дейміз. Әйел құқығы – ол адам құқығы. Бұл теңдік әйелдердің әлеуметтік, экономикалық, мәдени, азаматтық және саяси мәртебесін белгілейді. Алайда бұл әйел «шауып келе жатқан атты да тоқтатады, жанып жатқан үйге де енеді» дегенді білдірмейді. Ең алдымен, ол – бүгінгі күні ескірген түсінікті өзгертетін және ерлермен тең дәрежеде өз мақсаттарына лайықты қол жеткізуші адамзаттың тамаша жартылығы.

Қазақ әйелдері қалай өзгерді?

Тарих пәнінің мұғалімі Динара Скабаеваның «Алаш айнасы» газетіне жарияланған мақаласын оң



жыл бұрын қиындықтар арасынан оқып отырып таң-тамаша болғанмын. Онда «Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйелдер мен ерлердің әрқайсысының өз рөлдері болады. Көшпенділер мәдениетінде ерлер мен әйелдердің міндеттері бөлінді. Әйелдердің рөлі бала тәрбиелеумен, үй шаруашылығын жүргізумен қатаң шектелген. Мысалы, неке дәстүрінде әйелдердің күйеу таңдауға мүмкіндігі болмаған. Күйеуі өлсе, басқа күйеуге шыға алмаған, ол марқұмның інісіне немесе ағасына қосылуға міндетті болған. Көшпелі мәдениеттің дағдарысқа ұшырауына байланысты XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда жаңа қоғамдық қозғалыс пайда болды. Ұлтшыл Алаш қозғалысы Қазақстанның қоғамдық өмірінде өшпестей із қалдырды. 1917 жылы Орынборда өткен Алаш Орданың конференциясы әйелдердің қоғамдағы өмірі туралы шешім қабылдап, мынадай тұжырымдарға келді:

- әйелдер мен ерлердің саяси құқықтары тең болуы керек;
- әйелдер өздеріне серігін таңдауға ерікті;
- некеге тұру жасы 16-ға дейін ұзартылуы;
- молданың 16-ға толмаған қыздың, 18-ге толмаған жігіттің некесін киюге құқығы жоқ;
- неке екі жақтың келісуімен қиылады;
- жесір әйелдерді күйеуінің туысқандарына зорлап қосуға болмайды;

– бірінші әйелі келісім бермесе, екінші әйел алуға болмайды» – деп жазылған еді.

Байқауымша, конференцияда ұсынылған идеялар ол заманда әйелдердің тығырықтан шығатын басқа жолы болғандығын көрсетеді. Ескі салт-сана мен әлет-ғұрыптың күйрей бастағаны, әйел рөлінің өзгергені осы тұста көрінді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ қоғамы әйелдер мәселесін жаңа заман талабына орай жаңаша қырынан көтере бастады. Нәтижесінде саяси, қоғамдық және экономикалық жағдайлардың ерекшелігі ескеріле отырып, 1998 жылы Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі ұлттық комиссия құрылғаны белгілі. Нарықтық экономикаға көшу көптеген адамды тығырыққа тіреді. Әйелдер жүгі ауырлады. Отбасын асырау, бала-шағаға қамқорлық, үй шаруасы – осының бәрі ерлерге қарағанда әйелдердің мойнындағы жауапты іс еді. 2004 жылы еңбекпен қамту қызметтерінде жұмысқа орналасу мәселелері бойынша келгендердің ішінен әрбір алтыншы әйелге ғана жұмыс берілген екен. Қазіргі таңда әйелдер денсаулық сақтау, білім беру және сауда сияқты белгілі бір салада шоғырланған.

– Қазақ әйелі туралы сөз қозғау әрі оңай, әрі қиын. Өйткені әйел – біздің анамыз, әйел – біздің әпке, қарындасымыз. Әйел бізге тоғыз ай, он күн толғатып, «тар құрсағын кеңейтіп, тас емшегін жібітіп» өмір

сыйлады. Кешегі қазақ әйелі дәстүрлі мәдениеттің бесігінде тербеліп, қайнарынан қанып ішкен. Қоғамдағы өз орнын жазбай танып, әйелдіктен даналыққа, отбасы, ошақ қасы тірлігінен рулы елдің қамын жейтін ел анасы деңгейіне көтеріле білген.

Қазіргі арулар да түнгі клуб жағаламай, сыра ішіп, әр мейрамхананы араламай тектілік тұғырынан түспесе заңмен емес, ер азамат табиғи заңдылықпен-ақ әйелді құрметтері сөзсіз, – дейді психолог С.Әбдірахманова.

Болмыс қайшылығы

Қазақ үйдің қабырғасына сес болсын деп қамшы іліп қояды. Оның мәнін әркім әртүрлі айтады. Қазақтың болмысындағы төрт әйел алу ұғымы дін мен дәстүрден тамыр тартқаны белгілі. Бұл үрдістің өзі қазір некен-саяқ. «Гендерлік саясат уақыт қалыптастырған болмысқа қайшы ма?» деген сұрақ туындары сөзсіз. Әйелден өзін биік ұстау қазақ ер азаматтарының қанына сіңген қасиет десек кім қолдап, кімнің қарсы шығары тағы да беймәлім.

– Ер адам проблема тудырады. Әйел проблема көтереді. Әйел адамның уайымдауы еркекке қарағанда 4 есе жоғары. Мысалы, ер адам бір проблема тудырады. Бірақ оның салдарын елеулі мүмкін. Әйел адам соны 4 есе ұлғайтады. Оны кикілжіңге айналдырады, ол жанжалға ұласады. Өз бетінше

шешім іздей бастайды. Екіншіден, ер адамның жауапкершілігінде. Батыста – отбасына 50 пайыз еркек, 50 пайыз әйел жауапты. Батыс психологтары осыны ұсынады. Жауапкершілікті екеуіне тең бөледі. Одан шығатын түйін – ер мен әйел адам бірдей. Шығыс менталитетінде отбасында әйел мен ер адам бірдей бола алмайды. Біздің таным-түсінігімізде отбасында ер адам бір сүйем жоғары болуы керек. Біз оның статусын көтереміз, көбірек жауапкершілік жүктейміз. Біздің практикамызда отбасы бақытына еркектің жауапкершілігі 90 пайыз, әйел адамдыкі 10 пайыз. Ер адам – стратег. Зерттеу бойынша көптеген компаниялардың банкротқа ұшырау себебі көмекшілері, менеджерлері, орынбасарларының кесірінен емес, старатегияның дұрыс қойылмауынан болады. Старатегияны әрдайым бір кісі ғана қояды, компанияның негізін қалаушы. Ер адам отбасының даму бағыт-бағдарын, стратегиясын дұрыс қойса, орынбасары ретінде әйел адам реттеп отырады. Көп ретте ер кісілер дұрыс стратегия қоя алмайды, отбасына 90 пайыз құзырсыздық әкеледі, – дейді отбасы психологі Ержан Мырзаев.

Түйін. «Кемел адамның» авторы Қайрат Жолдыбайұлы ер мен әйелді аяқ киімнің екі сынарына теңеген еді. «Аяқ киімнің екі тең болғанымен бірдей емес. Оның сол аяғына, соның оң аяғына қие аласың ба? Қие алмайсың. Күштеп қисен аяғыңды ауыртып, екі басы екі бағытқа қарап тұрады. Бұлай ұзақ уақыт жүре де алмайсың. Әйелден еркек жасау да солай. Әйел мен еркек тең бе? Тең! Бірақ бірдей емес» – дейді ол.

Дінтанушы ер мен әйелдің болмысына сай мінезі мен міндеті туралы да болатынын атап өткен. «Әйел баласы бала тапса, табиғатына сай аналық міндетін атқарғаны емес пе? Әйел күйеуіне дәмді тамағын ұсынып, киімін жуып, жағдайын жасап жатса, мұны кем болғаны үшін емес, ерін, балаларының әкесін құрмет тұтқаны үшін жасайды. Отбасы жылуын арттыру үшін істейді. Еркек пен әйел еш айырмашылықсыз бірдей болғанда, Алла еркек-әйел деп бөліп жатпай бір ғана жаратылыс жасар еді», – дейді ғалым.

Демек гендерлік саясатты отбасы дейтін әр мемлекет жеке заңнамасы бойынша түсіне білгені жөн. Төрт әйел алу қанымызда бар қасиет деп төрткүл дүниеге көз тастап емес, төрт қабырғаға телмірген қабырғанан жаратылған жанның қадірін білген абзал. Ал нәзік жандар құрметіне қарай азаматтың абыройын асқақтата берері сөзсіз!

Айдар САЙЛАУОВ

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйел мәртебесінің биіктігі ең алдымен әйелдердің құрметтелуінен, екіншіден – құқық берілуінен, үшіншіден қорғалуынан танылады.

Әйел ананың бейнесі қандай болса, еліміз бен ұлтымыздың бейнесі де сондай болатыны анық. Анаға құрмет, жарға жанашырлық, қызға қамқорлық – иманға ұйыған ұлтымыздың басты ұстанымдарының бірі болды. Өз болмысына даналық мінез бен ізгі қасиеттерді жия білуі қазақ әйелінің құрметті етті. Ол құрметке лайық болды және құрметтелді де.

Қазақ әйелі нағыз әйел болды. Өйткені азаматты сол тәрбиеледі. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететінін сезініп, елдік пен имандылықты ана сүтімен перзентіне сіңіре білді. Ел болып еңсе көтергелі ұлтына үлгі ғана емес, ұран болған аналар легі азайған жоқ. Сондықтан да ұлт болып ұйысқаны үшін қазақ ұлдарына қандай қарыздар болса, қыздарына да сондай қарыздар. Кешегі қазақ жұртының қалыптасқан құндылықтары қыз баланың, әйел-ананың ешбір жағдайда қорғансыз қалмауын қамтамасыз етті. Туыстық қатынастар терең дамыған халқымызда әйел баласы жалғыз қалып көрген жоқ. «Қыз ағасыз, тон жағасыз болмайды», «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» деген мақалдардың өзі қыз баланың қашанда қорғансыз, жоқтау-сұраусыз болып көрмегенін білдіреді.

Кешегі қазақ жұртының қалыптасқан құндылықтары қыз баланың, әйел-ананың ешбір жағдайда қорғансыз қалмауын қамтамасыз етті. Туыстық қатынастар терең дамыған халқымызда әйел баласы жалғыз қалып көрген жоқ. «Қыз ағасыз, тон жағасыз болмайды», «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» деген мақалдардың өзі қыз баланың қашанда қорғансыз, жоқтау-сұраусыз болып көрмегенін білдіреді.

Алайда кешегі уақыттағы қазақ жұрты әйел азаматына көрсеткен барлық қамқорлық пен құрметті қазіргі таңдағы құрмет пен қамқорлықпен



салыстыруға мүлдем келмейді. Екеуінің айырмашылығы жер мен көктей. Қазақ ұлтының сонау біздің заманымыздан бұрынғы тарихынан бастап алатын болсақ, біздің заманымыздан бұрынғы I мыңжылдық пен дамыған орта ғасырға дейін әйел адамдарының мәртебесі айтарлықтай жоғары болған. Ол уақытта әйел адамдар таққа отырып, жауға шапқан болатын. Алайда осы аралықпен біздің қазақ жұрты тәуелсіздік алатын уақыты алып салыстыратын болсақ қоғамдағы әйел мәртебесінің деңгейі

ӘЙЕЛ МӘРТЕБЕСІ

айтарлықтай төмендегенін байқасақ болады. Міне, тәуелсіздік алғанмыздан бері қаншама уақыт өтті, бірақ әлі күнге дейін қазақ қоғамындағы әйел мәртебесінің деңгейі қарын ашытарлықтай. Дегенмен қазіргі таңдағы қазақ әйелдерін бұрынғы замандағы әйел азаматтармен салыстыруға келмейді. Енді осы жерде көкейде сұрақ туындайды. Қоғамдағы әйел мәртебесін әйел өзі жоғалтты ма? Әлде қоғам әйел мәртебесін түсіре отыра біздің дана аналарымыз бен ибалы қыздарымызды жоғалтты ма? Осындай жағдайға жетуімізге қазақ қоғамына шығыс пен батыс елдерінен енген мәдениет пен заман ағысы кінәлі ме?!

Бұрыннан «Әйел бәріне шыдау керек, олардың қырық жаны бар» деген түсінік қалыптасқан. Отбасының барлық ауыртпалығын анаға артып қойған ерлерді, нағыз еркек деп айтуға келмейді деп ойлаймын. Әйел қамқорлыққа, қолдауға мұқтаж болған жағдайда өзінің сұлулығынан, денсаулығынан айырылады. Табиғатынан өзіне тән ерекшеліктерін жоғалтқан ана отбасына жылулық, қуаныш сыйлаудан қала бастайды. Көпке топырақ шашудан аулақпыз дегенмен, ұлдың арқасынан қағып, қыздарын еркелетіп, сырласа білмеген ата-анадан рухты ер, тәрбиелі қыз шығуы екі талай. Сонымен қатар қоғамда жұмысбасты әйел-аналар көбейді. Жолдасы қаржы таппайтын немесе тапқаны қазіргі заманға ілесіп өмір сүретіндей жағдайға жетпейтін болғандықтан жұмыс істеуге мәжбүр. Алайда отбасы қатардан қалмастын деген оймен ата-ана күні-түні жұмыс істегенмен, отбасындағы тәрбие ақсап жатыр.

Қазіргі қазақ әйелдері мен қыздарының қорғалуы тек құжат жүзінде қалмауы тиіс. Ер азаматтар секілді әйелдердің ақыл-ойы да негізінен орта жастарда өнімді жеміс береді. Бұл

– әйел-аналардың қоғам өміріне, ел қызметіне белсене араласатын кезі. Оның ақыл-ойының өзгелер тарапынан пайдаланылуы да дәл осы кезеңде күшейеді. Отбасылық мәселелердің шарықтау шегіне жететін кезі де ата-ананың орта жастағы кезеңіне түспә-түс келеді. Сондықтан мемлекеттің отбасыға, ана мен балаға деген қамқорлығы тек жас отбасы мен жас аналармен шектелмеуі тиіс. Әйел-ана қамқорлыққа қай кезде де зору. Өзінің мемлекетке керек екенін әрбір азамат сезінген жағдайда ғана әлеуметтік дерт азаяды. «Мемлекеттің ең басты құндылығы – адам және оның құқықтары» деген абзал қағида сөз жүзінде қалып қоймауы тиіс.

Халықтың демографиялық жағынан өсуі қай кезеңде де әлеуметтік тұрмыс шарттарымен тікелей байланысты болған. Қоғам ең алдымен дүниеге келетіндердің емес, келгендердің қамын ойлап, жағдайын жасауға тиісті. Нақты тұрмыстық проблемалар шешімін таппай тұрып, жаңа демографиялық толқын туралы сөз қозғау қиын. Қазіргі қазақ қоғамындағы әлеуметтік тұрғыдан ең аз қорғалған топ – жалғызбасты аналар мен әкесіз балалар. Өкінішке орай қазақ отбасының елеулі бөлігін дәл осы қорғансыз топ құрайды. Ана мен балаға қамқорлық дегенде біз ең алдымен жартықаш отбасыларды ойлауымыз керек. Қазір бұл бағытта көп жұмыстар атқарылып отырғаны белгілі, дегенмен ол бүгінгі қазақ отбасының жарты бөлігін қамтуға жетпей отыр. Сондықтан ана мен баланың жай-күйін іргелі мемлекеттік бағдарлама шеңберінде қолға алып, ел аумағында жаппай жүзеге асыру тетіктерін қалыптастыру қажет.

Қай заманда болмасын қоғамдағы әйел мәртебесін биік дәрежеге қойған ұлттың еңсесі әрқашан биік болатынының ұмытпағанымыз абзал!

Ақмаржан А.ДАБЕРГЕНҚЫЗЫ



«Мен Дон Кихот, зұлымдықпен күресуге ант берген рыцарь. Әділдік пен ақиқат үшін шайқасамын. Әлемді жақсарту үшін күресу – менің мақсатым...», делінген испан жазушысы Мигель де Сервантестің «Дон Кихот» романында.

Бүгінде әділдікке, ақиқатқа ұмтылатындарды жойылды деу қате. Әлі де қоғамдағы жалғандық, көзбояушылықпен күресіп, адамгершілік қағидаларын сақтауға тырысатындар бар. Әділетсіздікке қарсы тұрып, ақиқатқа деген сенімін жоғалтпайтындарды Дон Кихотқа теңейді.

Ал жуырда бұл тізімге Қиянхан есімді кейіпкер қосылды. Қиянхан – пьесаның басты кейіпкері. Ол өзіндік қағидаларын берік ұстап, өтірік, көзбояушылықпен күресетін адам ретінде бейнеленген. Өмірдің өтірігінен шындықты, ақиқатты іздеу жолында талай қиындыққа тап болады, бірақ әділдік жолынан қайтпайды.

Бұл – эколог, жазушы Сайлаубай Жұбатырұлының «Идальго» атты алғашқы пьесасының кейіпкері.

Шығарманы жазушының мақсаты – қоғамға пайдалы дүниелер айту ғой. Сондықтан, әр шығармамызда осы мақсат шеңберінде ойланып, қалам тербейміз. Көптен бері пьеса жазу ойда жүрген еді, сол таңда «Идальго» шығармасына түсті. Адамгершілікке, әділдікке, шыншылдыққа қамшылап шақырушы 400 жылдық ғұмыры бар Сервантестің «Дон Кихотының» мотивациясымен біраз нәрсе айтылды. Қоғамда небір мәселе болады ғой, бірақ маңыздысы – соның тым ұшығып, белең алып кетпеуінде. Ал ол – мәңгілік күрес, мылтықсыз майдан. Бірден Дон Кихоттар шығып, қоғамды тазалап, бәрін реттейді деген дүние жоқ. 100 пайыздық таза алтын болмайтыны секілді, періште қоғам болуы мүмкін емес. Ол ертегілерде ғана болады. Бірақ осы өз шындығымызда, өмірімізде мейлінше салауатты, адал, әділетті орта болуы – көкейіміздегі арман. Сондықтан бұл мәселелерге келгенде бәріміз кінәліміз, бәріміз күрескерміз. Және солай істеуге тиістіміз де. Көркем дүние

сөз де қайталанбауы керек.

Осының өзінде 3-4 жерде әділдік, ақиқат, шындық туралы айтылды. Өйткені пьеса түгел соған қатысты. Шығарманың көрінісі бүгінгі өмірден алынғанымен, арғы ойы трагедияда жатыр. Сол үшін шығарма трагикомедия деп аталды, – деді.

Трагикомедияның басты ролін сомдаған актер Сұлтан Бисеналиевтің айтуынша, Қиянхан образын ашу қиын болған, бірақ халыққа айтары көп.

Спектакльде басты рөлде ойнау қиын болды. Шығарманың тілі ауыр. Халыққа айтары көп. Жабьқ көрсетілімде сын-пікірлер де айтылды. Соны ескеріп, өңдеп көрерменге ұсынып отырмыз. Ұнайды деген ойдамыз. Қиындығы – сөздік мәнін ұғынатын, тәркінін түсінетін адам ғана бұл шығарманың байыбына бара алады.

ҚИЯНХАННЫҢ ҚИЛЫ ТАҒДЫРЫ

болғаннан кейін, шығармада гипербола бар, бейнелік образды шамалы үшкірлеп, өмірдегі кейбір шындықтан жоғарырақ көтеріліп сөйлеген шешімдер бар. Токетерін айтқанда, шығарманың астарында қоғамның көркем құбақан қалпын, адамгершілігін іздеудің мотивациясы жатыр, – деді жазушы Сайлаубай Жұбатырұлы.

Трагикомедияның премьерасы Сыр елінің бас театры Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық-музыкалық драма театрында өтті. Қойылымды облыстық музей, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова мен облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов арнайы келіп тамашалады. Сондай-ақ театрдың 69-маусымының жабылуына орай «Идальго» трагикомедиясы көрерменге тағы бір мәрте жол тартты.

Премьера күні бұқаралық ақпарат құралдарына арналған пресс конференцияда қойылымның режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хүсейін Әмір-Темір де сөз сөйледі.

Қандай драмалық шығарма болса да сахнаға келгенде өзгеріске ұшырайды. «Неге?» десеңіз, сахнаның өз заңдылығы бар. Бір жағынан бұл – Сайлаубайдың бірінші пьесасы. Жалпы драматургия – басқа жанр. Осыған байланысты кейде шығарма қысқартылады, қажет болса, өңделеді. Спектакль бір жарым сағат жүреді. Сол үшін оны қысқартып, реттейміз. Ал оны қысқартпаса, екі сағаттан асатын шығарма. Мұндайда ол көрермендерді жалықтырып жіберуі мүмкін. Себебі сөздің, ойдың қайталануы ықтимал. Жалпы сахнада ой да,

Қазіргі қоғамда жастар мұндай тілде айтылған қойылымдарды, осы форматтағы шығармаларды түсіне алмауы мүмкін. Оларға ауыр болады. Сайлаубай ағамыз әлем деңгейінде танымал «Дон Кихот» шығармасының өзегін ала отырып, бас кейіпкерді Қиянхан деп ұсынған. Сахнада қиыны – сол сөзді, автордың ойын өзгертпестен халыққа жеткізу. Бірақ барымызды салдық, – деді театр актері Сұлтан Бисеналиев.

Мигель де Сервантестің «Дон Кихот» романы ғасырлар бойы әділдік пен ақиқат жолында күресудің символы ретінде сақталды. Қоғамда жалғандық пен көзбояушылыққа қарсы тұрып, адамгершілік қағидаларын сақтауға тырысатын жандар болған және бола береді. Сол батырлардың біріндей, жаңа заманның Қиянханы да әділетсіздікке қарсы күресуге бел буды. Сайлаубай Жұбатырұлының «Идальго» пьесасы дәл осы рухты жалғастыра отырып, өмір өткелдерінде ақиқатты іздеудің мәнін көрсетеді. Бұл пьеса да көрерменнің жадында мықтап сақталса дейміз. Себебі Қиянханның жолы оңай емес, бірақ оның шынайы әділдікке деген талпынысы бізге үлкен үміт пен шабыт береді. Өтірік пен көзбояушылықтан шаршаған қоғамымыз үшін бұл пьеса – серпіліс, шындыққа жақындау жолындағы маңызды қадам.

Инжу МАРЖАН



ЖУРНАЛИСТ – ӘДІЛ СӨЗДІҢ ЖАҚТАУШЫСЫ

Қазіргідей ақпарат тасқыны алапат дәуірде шынайы да нақты ақпарат тарату мақсатынан жаңылмаған билік пен бұқараның арасында алтын көпір болу миссиясын бүлжытпай орындап жүрген қаламгерлер мен сала мамандарын құттықтаймын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы кеше ғана ақпарат құралдары өкілдерімен кездесуінде: «Журналист – мәртебелі мамандық. Ол ақиқат сөздің, өткір ой мен шынайы пікірдің және әділ істің жақтаушысы. Сондықтан біз медиа саласының мамандарына әрдайым зор құрметпен қараймыз» деп ерекше атап өтті. Өздеріңізге белгілі жақында Мемлекет басшысы «Масс-медиа туралы» Заңға қол қойды. Аталған Заңда журналистер үшін қосымша құқықтар, кепілдіктер белгіленген журналистің ерекше мәртебесі деген ұғым енгізілді. Журналист мәртебесінің ерекше қорғалуы, оның сенімділігіне, шығармашылық өркендеуіне ықпал етері сөзсіз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Өңір басшысы жыл соңында арнайы бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне арналған «Жебе» сыйлығын табыстайтынын тілге тиек етті. Үздік мақалалар мен сюжеттерге, ақпараттық материалдар үшін тағайындалатын жұлде 7 номинация бойынша табысталады. Ал сыйақы қоры – 1 млн теңгені құрайды.

Іс-шарада жыл бойына ерен еңбегімен көзге түсіп, ақпарат алаңындағы үздік қызметі үшін 65-тен астам БАҚ өкілі марапатталып, Мемлекет басшысының Жарлығымен «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы Сәрсенқұл Бихожасов «Құрмет» орденімен, «Qyzylorda» теларнасының бас инженері Бақытжан Шүкенов, «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Одан бөлек, Сыр елінің бірқатар БАҚ өкілі түрлі аталым

бойынша алғыс хаттар мен сый-сияпатқа ие болды.

Бүгінде аймақ медиакөрсеткісінде 149 бұқаралық ақпарат құралы қызмет етеді. Оның ішінде 120-сы баспа БАҚ, 26 интернет-сайт пен ақпараттық агенттік және 2 теларна бар. Олардың 137-і облыстық, 2-уі қалалық, 10-ы аудандық деңгейде халықты жаңа ақпаратпен қамтамасыз етіп, медиа саласының деңгейін көтеру үшін елеулі қызмет атқарып отыр.

Өздеріңіз білетіндей, ақпарат ағыны тоқтаусыз ағып жатқан қазіргі қоғамда ашық әрі шынайы жаңалықты халыққа дер кезінде жеткізу маңызды. Бұл ретте теларналар, басылымдар мен интернет сайттар сапалы жұмыс істеп, әлеуметтік желілерде ерекше контент қалыптастыру арқылы медиа саласының серпінді дамуына ықпал ететіні анық. Өз кезегінде осы салада аянбай еңбек етіп, барлық күш-қабілетін жұмсайтын журналистер қауымының еңбегі ерекше екенін атап өтеміз. Кейінгі уақытта озық тәжірибелерді пайдалана отырып, оның ішінде жасанды интеллектті қолданып, халыққа қызықты ақпараттар тарату ерекше қарқын алып келе жатқан қуанышты жаңалықтың бірі, – дейді облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов.

Сыр журналистикасы 1 ғасырға жуық уақыт бұрын өзінің дінгегін қалыптастырып, бүгінде айрықша жетістіктер көгінен көріне бастады. Мәселен, 95 жылдық тарихы бар «Сыр бойы» облыстық басылымы өткен жылы «Үркер» сыйлығын иеленіп, еліміздегі «Ең үздік өңірлік басылым» аталымын алған болатын. Одан бөлек, Тәуелсіздік алған жылдардан бастап көзі қарақты көрерменді көгілдір экран күшімен қуанта білген «Qyzylorda» теларнасы «Тұмар» сыйлығын иеленді.

«Ақмешіт жастары» республикалық газеті де құрметтен кенде қалмады. Тілшіміз Нұршат Нышанова «Жас журналист» аталымы бойынша облыс әкімінің марапатын алды. Газет бас редакторының орынбасары Айлана Жұмадинова Қызылорда қаласының әкімі Серік Қожаниязовтың алғыс хатымен мадақталды. Одан бөлек, газет сайтына жауапты маман Аружан Оралбайға Қызылорда қалалық білім бөлімінің басшысы Ж.Сәдуақасова мен қалалық кәсіподақ комитетінің төрайымы А.Шамшатованың құттықтау хаты табысталды. Сондай-ақ Аружан Оралбай Қазақстан Республикасының Журналистер одағының мүшесі атанды.

Қорлан САРЫ

БАҚ-тың өмірде атқаратын қызметі мен алатын орны бөлек. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 19 маусым күні «Масс медиа» туралы Заңға қол қойып, «Журналистің ерекше мәртебесі» деген ұғым енді. Бұл заң аясында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қарқынды жұмыс істеп, заман көшінде ілгері қызмет көрсете алады деп күтілуде. Мерейлі мереке аясында ақпарат айдынында қалам тербеп, халық пен билік арасындағы алтын көпір бола білген БАҚ өкілдеріне арналған «Қанатты қалам – 2024» салтанатты іс-шарасы өтті.



ТИЫН

көп тиын. Көп тиын бізде жоқ...
Кішкене ұл күрсініп алды.
– Көкем кетерінде қалтасына тиын салып кетіп пе еді?
Шал басын іздеді де, бетін іргеге бұрып өкетті. Көзіндегі жасты көрмесін деп тер сіңген ала тақиясымен бетін жасырды...

жүк болған қар шал қатты састы. Көйлек-дамбалы ағараңдап, ымыртта масадан қорғану үшін салған түтіннен сарыала тартқан боз



масаханадан атып шығып, мантырап, жалаңаяқ күйде ауылдас қарига жүгірді. Обалы нешік, сонау бір жылдары Бұхарадан сауатын ашыпты делінетін, сәлдесі шамның самаласымен таласқан әзіме ақшамда ауыл итін шулатып, аптығып жеткенімен кішкене ұлдың тамырын ұстай сала назары кілт пәсең тартты. Кемпірі мен жалғыз ұлының жаназасын шығарған молданың мінезіне сырлы болған қара шалдың ерқашты болған жүрегі атқалақтап аузына тығылды. Немересінің білегін маңдайына басты.

– Тамыры соғып тұр ғой, молдеке, – деді сасқалақтап. Жалаң аяғына сүйретпесін сұға салған қари төмен қарады: – Жарықтың саңы бар уақытта хабар бермеген екенсіз де... Күс басқан өкшесін қозғай беріп еді, сол аяғы ісік тартқан бала шар ете қалды. – Ойынның қызуымен, ет қызуымен байқамаған екен-ау, бала неме... – Молдеке, бір қарин қыла алармысыз? – деді шал. Даусы жарықшақтанып шықты. – Уы тарап кетіп қолды байлап тұр емес пе...? – Ойбай-ау, молдеке-ау...? Шал жандәрмен баланың басын сүйеп молдаға жалтақтай берді.

– Көз байланбай тұрып естігенімде шыққан жыланды таптырып алып оқыр едім. Бір амалын тапсам, аянып қалармын ба? Бала естен танды. Шалдың жасы тарам-тарам болып сакалын бойлады. – Бү не дегенің молдеке-ау?! Бү не дегенің...? Мен қу бас енді немеремді де алдыма салайын деп тұрмын ба? Шал баланы құшақтап еңіреп жылады. Сәлдесі дағарадай қари күрсінді. Жүрелей иілген шалдың жауырынынан қакты: – Әбеке, бекем бол... Беті бері қараудан кетіп қалыпты. Көз алды тұманьтқан баланың есіне бұдан жыл жарым уақ бұрынғы көрініс еміс-еміс көлбеді. Осындай тұн еді. Әкесі осы сәкіде сұлқ жатқан. Атасы қариды әкелген. Көкесінің оң білегін ұстап отырып, осы сөзді қайталаған: Бекем бол, беті бері қараудан кетіп қалыпты. Тоқтай қал, содан соң әкесі о дүние аттанған жоқ па? Бұл да аз уақыттан кейін о дүниеге кетеді екен-ау...

Бала қуанды: демек, көкесін көреді. Періште түйсігінде пәнді қимау ұғымы жоқ болатын. Ол екі дүниенің ортасындағы тасымалшы қайықтың иесіне төлейтін тиынды ала алмай қаламын-ау деп қорықты. Бар күшін жинап, көкесі о дүниеге кеткен соң үш күн ауырып жатып, бір түнде жоғалып кеткен Алыпсоқтың үйшігінде сақталған, былтыр мал төлдегенде тұмса қойдың ақсыз балаалаған қозысына сүт берген бөтелкенің ішіндегі қайықшыға деп жинаған тиындарын алып бер деп айтқысы келді. Бұған шамасы келмеді. Тілі күрмеле берді. Маңдайына атасының көзінен тамған жас құйылды. – Ата, – деді кішкене ұл: – Ата... Шал басын көтерді. Маңына ауыл адамдары жиналып қалған.

– Әу, құлыным? Перзентіңің амандығын мағырыбынан мойнына бұршақ салып тілеп отырған қария үмітке қолын созып, немересінің тілге келгенін қуанышқа балаған. – Ата, қайықшаға төлейтін тиын бер. Туыс-тума бұған таңырқайды, сөздің не туралы екенін ешбірі бағамдай алмады. Бұл шалға анық еді. Бешпетін қарманды. Жан қалтасының түкпірінен бес тиын алып, алақанында салмақтады. Немересінің қаба сақалды қария-ажалдың қайығына мінуін қаламады. Кемпірім де, ұлым да сол қайыққа аяқ артып келмесе бет бұрған. Енді немеремді өзім тіріде ол қайыққа қалай жолатармын деп қамықты. – Ата... – деді кішкене ұл. Шал елірді. Немересін қиялдағы қайықшыдан қызғанды. – Ата, тиын берші... Кішкене ұл қара терге түсті. Жыланның ұыты біржола жаулап алған денеден жан шығарға жол таппай шын қысылды. Қайықшыға төлер тиынын болмаса о дүниеге қалай өтермін деген балаң сана жанды еркіне жібермей тұсап тұрды. – Ата, тиын берші, – деді жандәрмен. – Әбеке, жанын қинамасашы, – деп әлденені сезіп отырған қари қабақ түйді. Айнала отырған әйелдер пыс-пыс жылады. Әлдебіреуі сұңқылдай дауыс салды. – Ата... Қара шал тиынды бешпетінің қалтасына салып қойды. – Ата... – Әбеке, сәбиді қинамалық. Сені күтіп жатыр, – деп қари атасын сабырға шақырды. Тарамыс саусақтары дірілдеп шал қолын қалтасына сұңғитті. Бес тиынды қайта шығарды. – Ала ғой, құлыным... Күп боп ісік тартқан бөбек алақаны ашылып, тиын саусақтардың арасына жұмылды. Онда енді қайықшыға төлейтін тиын бар... Баланың басы оң жаққа сұлқ бұрылды. Дем тоқтады. Шал есінен танып, соңғы тұяғының кеудесіне құлай берді. Қари күбірлеп дұға оқыды. Түнгі тыныштықтың әптер-төптерін шығарып, күллі әйел жоқтау айтып жатты. Бала мұның бірін де сезген жоқ.

Ол бұл кезде қалың кірпіктері көзін жапқан, қаба сақалды, жүндес білектері ескекті берік ұстаған ажал-ақсақалдың қайығына отырып, бұ дүние мен о дүниенің арасын жалғап тұрған теңіздің айдынында жүзіп бара жатыр еді...

1

Содан бері көп күн өтті. Бес жасар бала торыға бастады. Көкесін ақ кебінге орап, ай белгісі жарқыраған қорымдағы жер тереңіне берген. Атасын екі аға құшақтап тұрды. Барлығы көкесі жатқан шұңқырға топырақ тастады. Топырақты іліп алатын күрек қолға берілмеді. Әркім өз міндетінен соң сабын жерге тастап, келесі адам жерден өзі көтеріп жатты. Кезек балаға да келді. Ол да көкесіне құм тастады... Үш күн өтіп, кісі аяғы басылған соң ғана атасы тілге келді. – Көкем қашан келеді? – деді бала. – Келеді, – деді атасы. Содан бері көп күн өтті. Апасының да күрсінісі көбейді. Көкесі бардағы мейірімді жүзі көкәйыл тартты. Мұны көп еркелетпейтін болды. Атасымен де жиі-жиі сөзге келіп қалатынды шығарды. Ақыры кетіп тынған: Қақпадан үлкен жүк машинесі көрінді де, апасы мен бейтаныс аға жүктерді аббар тией бастады. Шарасыз атасы апасының жанына келді. – Қалқам-ау, тым құрыса асын күтпедің бе...? Бейтаныс аға жерге қарады. Апасы мұның басынан сипаған.

– Ақыры айырылысатын болған соң, ұзын арқау кең тұсау болмай кетіп тынайын... Бөтеннің босағасында жаутаңдатқанша, қара нан жеп, қара су ішсе де, жаныңызда болсын, немеренізді өзіңізге қалдырамын, – деді. Мұнан соң атасы ләм деген жоқ. Апасы бейтаныс ағаның көлігіне мініп кете барды. Мені апам тастап кетті деп тұжырды бала. Ол апасын сағынамын-ау деп ойламады. Көкесі ерте-е-е-ең үйге келгенде апаң қайда десе не деп жауап беремін деп қамықты. Көкесін кілемге орап үйден бір топ аға сатымен алып шыққан күндегідей атасы үнсіз қабарды. Жадағайын иығына жамылып жатып алды. Сауылуыыз қалған ала сиыр мөңіреді. Сол күні бұлар мекен еткен үйдің мұржасынан түтін шықпады...

2

Содан бері көп күн өтті. Бала көкесін сағынып жүр. Дағарадай үйде атасы мен екеуі ғана. Суалуға жақын ала сиырды көршінің келіні сауып береді. Әрегілік бөлінің шойырылып қалатыны болмаса, қара шалдың қайраты әзірге сары самаурынды қайнатпағандықтан тұр. Өсте айқұлақтанып, алағүдкентенбейтін тұйық бала әкесінен айрылғалы бері тіпті томаға тартты. Күні бойы атасын айналшықтайды.

Бірақ көкесі келмейтін сыңайлы. Ауылдың сыртында қозы қайырып жүріп, айдамал тұс болса да бейітіне екі рет барып қайтты. Сопакша көк тастың бетінен көкесінің суреті өзіне қарап тұр. – Көке, жүр, үйге қайтамыз, – деді бала. – Көке десе... – Көке, апам бізден кетті. Үйге жүрші, ермек ететін телебизер де бұзылып қалды...

Көкесі төмпешік астынан бөй көрсетпеді. Ерте көктемнің нәурызегі көкте шырыл нақты. – Осы менің көкем қашан келеді? – деді атасына. Шал немересін алдағысы келмеді. Шынын айтты. – Е, қалқам-ай, әкең о дүние мен бұ дүниенің арасын бір-ақ тұтам қылып кете барған жоқ па?

Азала шал немересінің ерініне жұққан тәтті жұғынын кесе ысып отырған сулығымен суртті. Жіпісген маңдайын ақ шаршымен желпіп алды да, қайнақ суы өңешінен орын тауып, кансыған самаурынды сыртқа жайғап келді. Ұртндағы сөктен еріні бұлтиған немересі атасының аяғын ала жантайды. – Көкем сонда қайда кетіпті? – деді.

Шал абыл-сабыл күйге түсті. Қапырық елемей, жадағайын иығынан тартып жамылып, әбігерленді. Іле жауап беруім керек деп шешті де, шеміршек болып катып қалған алақанымен немересінің кекілін сипады. – Көкең бұ дүниені тастап о дүниеге кетті. – О дүние деген не? – О дүние деген – әруақтардың мекені.

Әрдеменің басын шалып сұрап жатқан ұл шаңыраққа қарап аз-кем ойланды да, ұшып тұрып, босағадағы сүйретпесін киді. – Ата, жүр онда көкеме барайық, – дегені.

Шал жерге қарады. – Жүрші, ата. – Көкемнің көк дөненіне аяқ артсақ, шашасының желі бар емес пе, демде жеткізеді.

Иесінің артында қалған жалғыз тұяқтың өзі туралы айтқанын естіп қойғандай, сайдың саясында шідерімен шоқырақтап жусап жүрген, құйрық-жалы күзеулі көк дөнен пысқырынды. – Ата, көкемді сағындым... Шал күрсінді. Иегі кемсеңдеп, шоқа сақалы селк-селк етіп өксіді.

– Мені сағынбады дейсің-ау, жарығым! – Ата... Кішкене ұл сүйретпесінің темір ілгегін салып, сақалай сай күйі күтіп тұр. Шал немересін алдарқатпақ болды: – Құлыным, біз көк дөннен ол жаққа бара алмаймыз. Ортада үлкен теңіз бар... – Ал көкемді о дүниеге кім өткізді? – Қайықшы да...

Бала дарияның арғы бетіндегі түп нағашыларына барғанда қыдырып барған сайын қайыққа мініетін. Өткізушілік міндеті үшін арбаған саусақтары ескектерді баппен есетін қаба сақалды, қарағай бойлы қара шалға тиын төлейтін. Кішкене ұл шынашақ саусағын тістелеп ойланyp қалды. Түнеугүні апасы сағыз үшін берген тиынды сақтап қойған жерді жедел еске түсірді. Түрулі киіз үйдің сүйегіне тақау төселген, қызыл ала қошқар мүйізі белдерленген текеметтің шетін көтеріп, тапталған дымқыл топырақ бетінде жатқан бақырды саусағымен іліп алып, атасына көрсетті.

– Міне. Мұны қайықшыға төлей аламыз. Шал мүлдем абдырады. Періштеге жалған сөйлеп, күнәға белшемнен баттым-ау деп қамықты. – Бұл тиын жетпейді – деді – Қайықшының сұрайтыны

3


Содан бері бала тиын жинауға кірісті. Көп тиын жинауым керек деп тұжырды. Көшеде келе жатып үнемі жерге қарап жүретін әдет тапты. Тиын табылып қалар ма деген дәмесі. Бірде көзіне бір тиындық ілінді. Әлдекімнің қалтасынан түскен болар. Аз-кем ойланды. Алса қайтер екен делі. «Көшеден ештеме алушы болма!» – деген атасының ескертуі есіне түсті. Сөйтсе де, тұңғыш рет атасын тындамады. Тиынды жинап жүрген бақырларының арасына қосты.

Атасы білмейді ғой: Баланың ерніне мұнан кейін балмұздақ тиген жоқ. Қаладан келіп тәтті мұздақ сататын орыс тәтейдің алдын көрмегені де көп күн өтті. Сырты шокаладпен қапталған балмұздаққа бас қойған достарына қызғыра қараса да өзін тежейтін. Тәйірі, тәтті мұздақ жеген, жемегенде тұрған не бар деп өзін алдарқатады. Еесіне көкемді көретін боламын, көкемді...

Атасына айтқан жоқ қой: көкесін сағынған бала сағыз шайнауды да ұмытты. Атасының сағыз үшін берген тиындарын сақтады. Сағызды көкесі барлар сатып алады, көкемді үйге алып келген соң-ақ сағыз шайнасам не тұр...? Атасы мұны естісе ренжітін шығар-ау: көкесі

Келіншеқтаудың аңғарынан аң қарай барып, атып алған арқардың артқы тірсегінен әперген сақаны да тиынға айырбастап жіберді. Жалықпай тауқа тұсын жонып, алшы түсетін етті. Көрші әже жүн боғанда қоса қызартып, бүк тұсына жүгерінің көлеміндей қорғасынды ерігіп құйды. Көкем келсе Қызылқолдың жайлауынан тағы арқар алса, сақалы бола жатармын. Әзірге тек, көкем келсе екен...! Атасы байқамады: Түнеугүні көршінің үйіне келін түскен. Атасына еріп бұл да барды. Бозбала домбыраны безілдетіп бет ашты. Жас келін әуелі ауылдың бала-шағаға деп салдырған сөлемінің ішіндегі қарадомалактармен бірге мұның да есімі аталды. Атасы марқайып, қолына екі тиындық ұстатқан. Бала тиын-тебен жатқан шаршыға бір тиынды ғана тастады.

Екінші тиынды




саусағының арасына қыстырып бүгіп қалды. Тиынды көкесі үшін жинаған қазынасына қосты. Бала күнде ертеңгісін әудем жердегі құдықтан су тасиды. Кішкене қалайы шелегімен екі рет қатынаса атасы екеуінің әжетіне жарап тұрған су дайын. Әдеттегідей құдық басында кезек күтіп отырып, үлкендердің сөзіне құлақ түрген. – Жылан көрген жерің бар ма? – Оны қайтпексің? – Екіншісі аң-таң. – Терісі сағат бауға қатып тұр. Жылан көрсең есінде болсын. Тегін емес, сатып аламын. Сол күні бала көкесінің асына сақталынған тұл дөнненің маңынан жылан көріп қалды. Терісі шахмат тақтасы тәріздес жылан ысылдап жөнеп барады. Жадына құдық басындағы бозбаланың сөзі оралған. Мұның терісін сыпырып алып барса, ол көп тиын берсе... көкесіне баруға жетіп қалатын шығар-ау. Мезгіл-бесін ауып қалған. Атасы бұл кез намазға жығылады. Көзге түспей терісін сыпырып алайын... Бала айырды ала сап жыланның жолын бөгеді. Тыныштығының дал-дұлын шығарған сәбиді жаратпады. Ирелендеген тік бас неме қапыда тірсегін шымыр еткізіп шаға сап, шөп арасына сіңіп кетті. Ардақурен тұл дөнен шыркырай кісінеді. Мұны атасына айта алмады.

Ымырт үйіріле демігеп ісіне бастады. Атасы онсызда көкеме күнәра кейіп жүр емес пе, мен ауырдым десем не күйге түседі деп тұжырды. Су жыланның шаққаны қатты болмас, аз-кем шыдасам ауырғаны басылар деп ойлап еді, ауру бел алып кетті. Көрші келіннің кешкі асқа дайындаған кеспесінен екі ұрттады да, төсегіне жантайды. Ісік қаулай түсті. Дәрігерге көрінсем басылар, атама айтайын деп түйді. – Ата, – деді ақырын.

Соғыстан бір құлағы қалыс естіп қайтқан шал жуғарамда ести қоймады. – Ата! Ата, әлгіңде, намаздыгерде мені жылан шақты. Дәрігер шақырасың-ау. Аздап ауырып тұрмын ба деймін... Сөзін демігіп әзер жеткізді. – Жылан?! Маңдайы тайқы, жыланқарақ қария немесінің денесін қаптаған ісікті енді байқады. Онсыздағы қайғысы бес атанға





РОБОТТАР ҚОҒАМҒА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

Бүгінде роботтардың адам өміріне әсері айқын түрде көріне бастады. Қоғамның күнделікті қажеттіліктеріне көмегі күннен-күнге артуда. Технология дамыған сайын роботтардың да түр-түрі шыға бастады.

Ең алдымен «робот дегеніміз не?» деген сұраққа жауап беріп алайық. Ол – адам тәрізді әрекеттер, қимылдар жасайтын машина. Адам жүрісі мен қимылын қайталайтын, адам қажетіне жарап, еңбек етуге бағытталған, күрделі құрылғы. Алғашқы роботтар адамның қозғалысы мен сырт пішінін қайталады. Олар ойын-сауық мақсаттарында пайдаланылды. Қазір тұрмыста көптеген қызметті атқаратын, қадағалайтын, мүгедектер мен сәбилерге көмекші, көңілін аулайтын, басқа да роботтар жасалды. Сондай-ақ интеллектуалдық роботтар да пайда бола бастады.

Роботтар адамзаттың әлі жетпеген немесе атқара алмаған жұмысын әлдеқайда табысты әрі тиімді орындайтын машина түрлері. Мәселен, автокөліктерді бөлшектері бойынша құрастыру, заманауи технология бойынша робот-хирургтердің сәтті ота жасауын айтсақ болады. Өндіріс және тұрмыс, ойын-сауық, тіпті ғарыш саласында роботтар жиі пайдалануға.

Осындай жұмыс нәтижелерінің бірі – ақылды үй жобасы. Ақылды үй (Smart Home) – бұл өзара байланыста жұмыс істейтін және барлық мәселені шешетін үйдегі барлық инженерлік жүйенің бір желіге біріктірілуі. Ол мәселелерді әдетте үй иесі тұрмыс барысында өз бетімен шешіп отырады. Мәселен, сағат ояну уақытын өзі еске салады, жарық қозғалыс әрекетіне сай қосылады, пилта өзі таңғы ас дайындайды, шаңсорғыш бағдарламаланған уақытына сай уақытта үй жинауды бастайды. Егер үй иесі үтікті өшіргенін немесе өшірмегенін есіне түсіре алмаса, онда ол бұйрық жіберу арқылы розетканы электр көзінен ажырата алады. Автоматты жүйе ғимараттың ішінде болып жатқан іс-әрекеттің барлығын бақылауда ұстайды. Тұрмысқа қажетті сұрақтың бірқатарын үй иесі қолындағы смартфонның арқасында шеше алады.

Қалай десек те қазір роботтар қоғамда ерекше белсенді күшке иелік етіп келе жатқанын анық аңғарамыз. Қолымыздағы байланыс құралымен, тіпті үйімізбен байланысқа шығып, оның әрбір техникасын жеңіл басқарып отыратын кезеңге аяқ бастық. Келешек адам күшін қажет ететін қызметтің біразын роботтар басқаратындай көрінеді...

Монетаның да екі беті болатыны секілді, мұның да бір өзіндік кемшін тұстарын ой елегінен өткізген дұрыс. Адамдар роботтардың көмегімен біраз дүниені жеңіл басқаратын кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Бастысы сол роботтар адамдарды басқарып кетпесе екен...

Ботагөз ИНАБАТОВА,
№187 ІТ мектеп-лицейінің бітіруші түлегі



Бала кезімнен-ақ теледидардан мультфильмнің орнына телебағдарламалар қарап, өзім де соларға ұқсап, адамдардан сұхбат алатынмын. Ал есейе келе ақпарат саласы бойынша жоғары білім алып, журналист болғым келетінін түсіндім.

МЕНИҢ ТАҢДАУЫМ – ЖУРНАЛИСТИКА

Сол кездегі қызығушылығымды байқаған анам музыка мектебіне апарып, «Фортепиано және сольфеджио» пәніне оқытты. Ол оқу орнынан өзім секілді пікірлес адамдарды, ойлау дағдыларымыз ұқсас жандарды кездестіріп, шығармашылығымды жетілдіре түстім.

Уақыт өте өзімді медиа сферасында көргім келетінін түсініп, түрлі журналист – аналитиктердің сабақтарына қатысып, мәнгерлеп оқу, әссе жазу байқауларында бағымды сынадым. «Бақ шаба ма, бап шаба ма?» демекші, асығым алшысынан түсіп, біраз жетістікке жете бастадым.

Журналистика – қиындығы мен қызығы, тәттісі мен ащысы мол жан-жақты білімділік пен зеректілікті талап ететін жауапты сала. Шығармашылық ізденіс арқылы қоғамға қызмет ететін кәсіп көзі. Біліктің төртінші өкілі болып саналатын БАҚ қызметкерлері қоғамға жететін әрбір ақпаратты сараптаудан өткізіп, толығымен зерттейді.

ҚР Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Сейдулла Садықов «Журналистика – біз бен сіз. Мұны жәй қарамау керек. Ұлттың рухани бағытын айқындауға пайдасы зор.

Басқаларға аса қажетті болмауы мүмкін. Жалпы әлемдегі ең қауіпті мамандық дер едім. Десе де қоршаған әлем журналистер үшін маңызды» деген пікір айтады. Бұл пікір менің журналистика саласына деген көзқарасымды айқындап, бұл мамандықтың өз ұлтымызға деген орасан зор пайдасын түсіндіргендей болды. Сонымен қатар менің медиа жолыма бағыт берген бірнеше қазақтың бетке ұстар журналистері бар. Атап айтар болсам, Нартай Аралбайұлы, Нұрсұлтан Құрман.

Ал ең сүйікті журналисім – Нұрбек Бекбау. Өз ойын ашық жеткізетін БАҚ өкілінің бірі. «Қалай сөйлейсің, солай жаз» деп үйреткен жан. Саналы ұрпақ тәрбиелеуге бар күшін салып, қазақ тілінің дамуына зор үлес қосып жүр.

Осы тұлғалардан бөлек өзім ерекше құрметтейтін Ләйлә Сұлтанқызы, Әйкерім Есенәлі, Әйгерім Сейфолла және тағы да басқа журналистермен кездесу бұйырды.

Журналистің рухы мықты, тілі өткір, ойы терең болуы керек. Журналистика – қалың елге сапалы ақпарат жеткізетін ерекше мамандық. Алла қаласа, осы салада мықты маман боламын деп сенемін.

Диана УЛАНБЕКҚЫЗЫ,
«Мансап» мектебінің
11-сынып оқушысы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БІРГЕ ЖЕҢЕМІЗ

Жемқорлық – елдің төмен құділауына тікелей әсер ететін кесел. Елдің қамын ойлауы тиіс қоғамның лауазымды тұлғалары өзінің жағдайын жақсартып, халық игілігіне жарар байлықты қалтасына басып қалмауына қазір ешкім кепілдік бермейді. Қай өркениетте болмасын, сыбайлас жемқорлықпен күрес маңызды іс. Алайда күнделікті осы заңбұзушылыққа қатысты жаңалықтардың күәсі болып отырамыз.

2023 жылғы статистика мәліметтері бойынша Қазақстан әлемдік 180 ел арасынан 92-ші орынға жайғасты. Дей тұрғанмен ең көп жемқорлыққа жол берілетін мемлекеттер қатарынан сытылып шыға алмады.



Дамушы мемлекет үшін елдің қамын ойлайтын патриот азаматтардың көп болғаны керек. Әлеуметтік әл-ауқатты көтеру, медицинаны дамыту, ел азаматтары үшін жайлы қоғам құру, білім мен ғылымды қарыштату тек елін сүйген азаматтардың ғана қолынан келеді. Келешегі кемел ел болу – ата-баба арманын сақтап қалу, қаншама еңбек пен төгілген тердің зейнетін көруге ұмтылыс жасау.

Бұл проблема аясында экономикалық нарықты құру, инвестиция тарту, елдің әл-ауқатын арттыру секілді мемлекеттің қарқынды дамуына әсер ететін жұмыстардың нәтижесі төмендейді. Қазірдің өзінде аталған заңбұзушылыққа төзушілік көзқарасы қалыптасқан. Бірақ мемлекеттік қызметкер де, жеке кәсіпкер де осы елдің азаматы. Яғни бұл тек қана заң органдары ғана емес, кез келген қазақстандықтың шешуге атсалысуы тиіс дңгегі терең мәселе.

Шынтемір САЙЛАУОВ,
Облыстық Халық шығармашылығын дамыту және мәдени продюсерлік орталығының маманы

НЕГЕ МЕНИҢ ЖУРНАЛИСТ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ?

Ата-анам мамандықты өзіме таңдауға рұқсат берді. Бала кезімде заңгер болуды армандалым. Сөйтіп жүріп, он екі жасымда-ақ түрлі қылмыстық және отбасылық кодекстерді оқуға құмартым. Жасыма жас қосылған сайын құқықтанудың соншалықты қызықты екеніне күмәндана бастадым. Жүре келе мұның барлығының да тек бала қиял, арман екенін сезіндім.

Ал жоғары сыныпта мені адамдармен араласу, оларға түрлі сұрақтар қойып, жауап алу қызықтыра түсті. Неше түрлі мінезді адамдармен кездесуден, әртүрлі қалалық іс-шараларға қатысудан және болып жатқан барлық жаңалықтар басқаларға айтып беруден қызықты ештеңе жоқтай көрінетін. Мектеп қабырғасында жүріп түрлі сайыстан сұхбаттар жүргізу,



өзіме жақын деп жүрген адамдардың өзінің ішінде жатқан сырларымен бөлісу – ең қызықты сәттер болатын. Содан да болар, мен уақыт өте келе бұл мамандықтың басқа мамандықтарға қарағанда жүрегіме әлдеқайда жақын екенін түсіндім. Маған әрқашан адамдармен қарым-қатынас жасау, олардың ортасында болу, ойлау тәсілін

түсінуге тырысу маңызды да қызықты болды. Менің ойымша, нағыз журналист кез келген адаммен ортақ тіл таба білуі керек. Кейіпкердің жүрегінде не бар екенін түсініп, адамның өзі кейде тіпті білдіре алмайтын дүниені жеткізуді тек журналист ғана жүзеге асыратындай көрінді. Шын мәнінде де солай еді. Әрине, бейтарап болу қиын,

бірақ менің ойымша, шын ұмтылмасаң, мамандықтың да шебері бола алмасың хақ. Сондай-ақ журналист мамандығын таңдаған көп ізденіп және көптеген ақпараттың ішінен ең сенімді, қажетті және құндысын таңдай білуі керек.

Журналистің басты құралы – оның қызығушылығы мен түйсігі. Айналасындағы әлемге қызығушылық танытпайтын немесе шындықты өтіріктен ажырата алмайтын адам ешқашан өзін осы салада шындай алмайды.

Нағыз журналист болу оңай емес екенін түсінемін. Десе де арманымыз жүзеге асыру мүмкіндігін жіберіп алғым келмейді. «Төртінші билік» деп айдар тағылған салада еңбек ету – басты арман, мақсатым. Менің бұдан үмітім бар.

БАҚЫТ ДЕГЕН НЕ ӨЗІ?

«Бақыт» сөзінің астарында не жатқанын түсіндіру қиын. Бұл дүние – тұрақсыз, уақытша және мәңгілік емес нәрсе. Барлық адам бақытты болуға тырысады, бірақ бұл сезімнің тереңдігін сөзбен сипаттау мүмкін емес. Әр адам үшін бақыт ұғымын түсіну әр түрлі. Бақыт, бұл – сіздің барлық армандарыңыз, ұмтылыстарыңыз бен үміттеріңіз, кенеттен орын алатын тамаша сәттер. Бақыт бізді кез келген уақытта және кез келген жерде өзімен қауыштыруы мүмкін. Ол материалдық құндылықтарда, туған үйдің жайлылығында, жақын адамның өзара қарым-қатынасында көрінуі ғажап емес. Мәселен, аш адам үшін бір тілім нан – бақыт болса, қатты шөл қысқан адамға мұздатылған су – бақыт сыйлайды. Сағынған адамға – туған үй ошағының жылуы, шаршаған жан үшін үйінің жұмсақ төсегі – бақыт. Дегенмен барлық адамның бақыт деп деп айтатын бір дүниесі бар, ол – деніңізді саулығы, жан-жағыңның амандығы.

Бақытты адамның ішкі дүниетанымы мен қоршаған шындық арасындағы үйлесімділік ретінде де сипаттауға болады. Бақыт көбінесе ұсақ-түйек дүниелерде көрінеді. Мысалы, біреу үшін сықырлаған аязда емін-еркін жүріп, армандау – бір сәттік бақыт екенін сезіндірсе, ал теңізді көрмегендер үшін ол жерге бірінші рет бару – бақыт, ал біреу үшін тау шыңын бағындыру бақытқа айналады. Ойшыл Аристотель бақыттың құпиясы адамның өзін өзі тануында жатыр деп сендіреді және оған өзі де сенеді.

Шынымен де өзін, мақсатын біліп, әлеуетін ашқан адам ғана өзін сенімді, еркін сезінеді. Шынында да, сүйікті іспен айналысу бізді бақытты етеді.

Бақыт – бұл адамның өмірдегі мақсатына жетуі. Адам алдына мақсат қойғанда, ол бақытты болатын жағдайларды анықтайды. Егер ол осы мақсатқа жетсе, онда ол – бақытты адам. Әркімнің өмірдегі мақсаттары әр түрлі болғандықтан, кейбіреулері бай болғысы келеді, басқалары ғарышқа ұшулы армандайды, ал біреулер өз ісінде кәсіпкер болуды ойлайды. Содан да болар, әркімнің бақыт туралы идеясы әр түрлі.

Бақыт, бұл – адамды өзіне асық ететін дүние. Сол үшін де адам өмір сүреді, соның арқасында ол өзін өзі алға жетелейді, оны жүзеге асыруға сенеді, үміттенеді. Адам кез келген жаста, қандай материалдық жағдайда болсын, бақытты бола алады. Сондықтан да әр сәттің бағалы екенін түсініп, бақытты шакты өзіміз ғана жасай алатынымызды білуіміз шарт.

«Үміт үзбей іздейді олар,
Тындап сол бір жаһұтты.
Оны алыстан іздемегін,
Жүректен тап бақытты!» – деген ақиық ақын сөзі – осының дәлелі.

Данияр НАҒЫЗХАН,
С.Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицей оқушысы

Думан НӘРЗІЛДАЕВ:

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАҒА ОРАЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Алаңда ала допты қағыта теуіп, ақыл мен шеберлікті қолдана білу бірінің қолынан келсе, бірінің тек арманы. Тынбай жаттығып, ырқыңа көне қоймас допқа өз билігін жүргізетіндерді бүгінде біз футболшы деп атаймыз. Көбіне олар қақпаға гол салып, командасына жеңіс әкелуі тиіс деп білеміз. Десек те өз қақпасын торуылдай отыра, өзге қақпаға гол сала білетін футболшылар туралы аз айтамыз. Мәселен, танымал Зинеддин Зидан, Андрес Иньеста, Хави секілді футболшылар соккер тарихындағы «ең мықты жартылай қорғаушы» деген атақты иемденгендер. Мұндай ала доп тебушілер тек шетелде емес, қазақ футболында да бар. Сыр елінің тумасы Асхат Тағыберген, 8 дүркін Қазақстан чемпионы Аслан Дайрабаев, үздік 10 футболшы қатарындағы Бауыржан Исламханды атасақ болады. Осы орайда «Қайсар» командасының вице-капитаны, қызылордалықтардың мақтанышы болып жүрген Думан Нәрілдаевпен әңгімелескен едік.

– «Қайсар» клубына осыдан 14 жыл бұрын қосылған екенсіз. 2022-2023 жылдары «Каспий Ақтау», «Ордабасы» секілді клубтарда ойнап, Қазақстан чемпионы болдыңыз. Десек те 2024 жылы қайтып келдіңіз. «Қайсарға» оралуға не түрткі болды?

– Өмір өзгерістерден тұрады. Әр спортшы мұнымен кез келген уақытта бетпе бет кездесуі мүмкін. Футболшылардың да команда ауыстыруы қалыпты жағдай. Мәселен, жуырда ғана Килиан Мбаппе Пари Сен-Жерменнен корольдік Реал Мадридке ауысты. Жақсы командадан ұсыныс түссе, мұны біз мүмкіндік деп қабылдаймыз. Менің де «комфорт зонадан» шығып, алаңда доп тебу тактикасы бөлек құрамда ойнап көргім келді. Солай 2 жыл қатарынан «Каспий Ақтау» және «Ордабасы» секілді азулы командаларда тәжірибе жинақтап кайттым. «Қайсар» командасында 2012 жылдан бері ойнап келемін, сол себепті ұсыныс түскеннен кейін кері қайтарудың мәні болмады. Ол үшін ойлану та жатпадым, дереу Қызылорда оралдым. Қайта келуім мені де, көптеген қызылордалық жанкүйерді де қуантады.

– Клуб туралы айта өтсек. Бүгінде сіз «қасқырлардың» вице-капитанысыз. Бұл рөлді атқару қандай жауапкершілік жүктейді?

– Команданың негізгі капитаны Руслан Сақалбаев. Екеуіміз біріге жүріп, команданы ауызбіршілікте ұстауға тырысамыз. Жалпы қай жерде болмасын, бір дүниені мойнына алу үлкен жауапкершілік. Ал мұнда облыстық футбол клубының абыройы жатыр. Яғни, күллі Қызылорда жұртшылығы Руслан екеуіміздің жауапкершілігімізге үміт артады. Одан бөлек, клубтың мүшелері, алаңдағы әріптестер сенім білдіреді. Осы үміт пен сенім – жауапкершілігімізді мүлтіксіз атқаруыма, алаңда көшбасшылық қасиеттерімді айқын көрсетуге, қайсарлық танытуыма қанағаттандыратын бірден бір күш. Вице-капитан болғаным кеше ғана емес, біраз уақыт өтті. Сол себепті жанкүйерлер мен командаластарымның сенімін ақтаудамын деп ойлаймын.

– «Қайсарлықтардың» ойнау қабілеті туралы не айтасыз? Бұл клубтың сапынан Қазақстанның қай футболшысын көргіңіз келеді?

– «Қайсардың» екі командасы бар: «Қайсар» және «Жас Қайсар». Әр команданың ойыншылары талантты, шымыр, тәжірибелі және мықты жастарға толы. Футболшылар осы маусымда өздерінің жақсы ойындарын

көрсетуде. Қазір Қазақстан футбол лигасының тізімінде 8-ші орынға тұрақтап тұрмыз, алдағы уақытта бұл нәтижені жақсартуға тырысамыз. Біздің бапкер Виктор Кумыков. Футболшыларды өзінің кәсібилігі арқылы жаңа тактикаларға дағдыландырады. Әрине, егер футболшылардың қабылдауы және логикалық ойлау қабілеттері нашар болса, керемет нәтиже көрсете алмайды. Дегенмен біздің ойыншылар жасыл алаңда қырағылық танытып, маусымда өз біліктіліктерін көрсетуде.

Атап айтсақ, осы маусым басында ауысып келген 55-ші нөмерлі Валерий Громыко, 6-шы нөмерлі Руслан Юденков айрықша голдарымен қызылордалық футболсүйер қауымның көзайымына айналып отыр. Қақпашы Степан Сикачта өз қызметін жақсы атқаруда. Алдағы уақытта өзге футболшылар алдыңғы қатардан бой көрсетіп, жақсы нәтиже танытады деген үміттеміз.

Ал «Жас Қайсарға» тоқталатын болсақ, ол командада бізден жас, шаршағысы жоқ футболшылар көп. Мәселен, Аян Құлмағанбетов, Мағжан Бауыржан, Саят Бақтыбай секілді ойыншылар әр кездесу сайын өз біліктіліктерін көрсетіп отырады. Жақсы ойын тамашалауға мүмкіндік беріп жүрген інілерімді «Қайсардың» негізгі құрамасында көреміз деп үміттенемін.

– 2022 жылы Қазақстанның футболдан ұлттық құрамасына шақырту алып, жақсы ойын көрсеттіңіз. Бұл – көптеген футболшының арманы. Ұлттық құрамаға қайта оралғыңыз келе ме?

– Кез келген футболшы өз елінің туын желбірету үшін ұлттық құрама сапында ойнағысы келеді. Ұлттық құрамаға кіру – әр футболшының арманы мен мақсаты. Мен ұлттық құрамада ойнаған сәт мансабымдағы керемет кезеңдердің бірі болды. Қайтадан ел намысын қорғауға шақырса екен деймін. Себебі ұлттық құрамада ойнап, тек қана өзіңнің емес, команда да мықты ерік-жігер сыйлағым келеді.

– Ең қиын және бәсекелестікке толы болды деп қай маусымды айтар едіңіз?

– Кәсіби футболшы ретінде мансабымда кездестірген есте қаларлықтай ең қиын, шынайы эмоцияға толы, сондай-ақ ауыр кезең деп 2019 жылғы маусымды атар едім. Оған себеп көп. Ол кезде біздің құрам салыстырмалы түрде Қазақстан бойынша мықты команданың бірі болды. Сол жылы жоғары деңгейде ойын көрсеттік. Тынмысыз еңбектің



арқасында ол жыл нәтижесіз аяқталмады. 2019 жылы «Қайсар» футбол клубы Қазақстан кубогын жеңіп алды. Мақсатымыз кубокты ұту еді, оған да сенімді жеттік.

– Матчтарда көрерменнің сізге деген ықыласын ерекше байқаймыз. Ала доппен алаңда сырғытып, кәсібилігіңізбен тәтті етесіз. Дегенмен болашақтың жоспары бөлек. Осы орайда мансабыңызға қатысты қандай өзгерістер болуы мүмкін?

– Өздеріңіз білетіндей, өткен аптада ғана бұрын өзім ойнаған Шымкенттік «Ордабасымен» алаң бөлістік. Ол командада елімізге белгілі футболшылар, ұлттық құрам сапындағы жігіттер ойнайды. Мықты қарсылас – бізді ширақ болуға, үздіксіз шыңдала беруге жетелейді. Алдағы уақытта көптеген матч күтіп тұр. Бұйырса мансабымды жалғастырып, футболсүйер қауымды әлі де керемет голдарыммен қуантағынымна сенемін. «Қайсар» клубына деген қолдау мықты болса, бізде қошемет пен құрметке лайық ойын көрсетеміз.

– Сұхбатыңызға рақмет, Думан Ахметтіллаұлы!
Әңгімелескен Нұршат НЫШАНОВА

АЛҒАШ РЕТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИАТЛОНШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ КУРСЫ ӨТЕДІ

Қазақстанда алғаш рет 7-12 шілде аралығында Шучинсктегі Қысқы спорт түрлері бойынша Олимпиадалық даярлау орталығының базасында Халықаралық Биатлоншылар Одағының жас жаттықтырушыларға арналған курсы өтеді.

Іс-шараға 20-ға жуық қазақстандық жас жаттықтырушы, сондай-ақ Грузия мен Қырғызстаннан келген мамандар қатысады.

Германия, Австрия және Норвегиядан келген үздік лекторлар өз білімдерімен бөлісіп, құнды тәжірибелерімен алмасады.



«КЛАССИКТЕР» АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА КӨШ БАСТАДЫ

Иорданияның Амман қаласында өтіп жатқан күрес түрлерінен Азия чемпионатында қазақстандық «классиктер» үздік атанды.

23 жасқа дейінгі балуандар бәсекесінде біздің спортшылар үш алтын, төрт күміс және екі қола медаль иеленді.

Ербол Камалиев (55 келі), Нұрсұлтан Базарбаев (63 келі) және Мерей Мәулітханов (72 келі) өз салмақтарында топ жарды. Диас Әскебай, Расул Жүніс, Әлмир Төлебаев пен Мақсат Сайлау жарысты күміспен аяқтады.

Ал Бақдәулет Азамат пен Асылбек Жәнібекұлының еншісінде қола жүлде бар.



ЖЕТІ МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

Әйелдер күресінен Қазақстан командасы Амманда (Иордания) өтіп жатқан жастар арасындағы Азия чемпионатында жеті медаль жеңіп алды.

Камила Апекова (50 келі), Шұғыла Өмірбек (57 келі) және Тыныс Дубек (62 келі) күміс жүлдегер атанды.

Қола медаль иегерлері қатарында Зейнеп Байанова (53 келі), Гүлдана Бекеш (59 келі), Бейбіт Сейдуалы (68 келі) және Алина Ертістік (76 келі) бар.



ЕУРО-2024: КҮТПЕГЕН ЖАҢАЛЫҚҚА ТОЛЫ ЧЕМПИОНАТ

14 маусым және 14 шілде күндері күллі футболсүйер жұртшылықтың назары көгілдір экранда. Басты себеп – 4 жылда бір келетін футболдан «ЕУРО-2024» чемпионаты. 1960 жылдан бері әр төртжылдық сайын өтетін Еуропа чемпионатын әр футболсүйер жанкүйер тағатыздана күтеді. Соңғы рет 2020 жылы өткен додала Италия құрамасы Англиямен тартыста пенальти сериясымен оза шығып, жеңіске жеткен болатын. Ал биылғы ЕУРО-2024 қалай өтеді?

Германияда өтіп жатқан турнирді ұйымдастыру үшін 16 федералды штаттың 10 қаласы тандалды. Чемпионат мына стадиондарда өтеді: Мюнхен стадионында – 67 мың, Берлинде – 70 мың, Кельнде – 47 мың, Дортмундта – 66 мың, Дюссельдорфда – 47 мың, Франкфуртта – 48 мың, Гельзенкирхенде – 50 мың, Гамбургте – 50 мың, Лейпцигте – 42 мың және Штутгартта 54 мың орын қарастырылған.

Аламан доданың финалы 14 шілде күні Германияның астанасы Берлиндегі 70 мың орын қарастырылған Олимпиадалық стадионда өтеді. Айта кетейік, Германия 1972 жылдан бастап Еуропа чемпионатының барлық финалдық турниріне қатысып, 1972, 1980 және 1996 жылдары үш рет Еуропа біріншілігінде жеңіске жеткен еді.

Іріктеу кезеңіне 24 команда қатысып, оның 20-сы ЕУРО-2024-ке жолдама алған болатын. Одан бөлек, үш команда 2024 жылдың 21-26 наурызы аралығында 12 команданың қатысуымен плей-офф кезеңіне жолдама алды. Дегенмен Қазақстанның футболдан ұлттық құрамасы бұл чемпионатқа қатысу мүмкіндігінен айырылып қалған еді. Іріктеу кезеңінде Грециямен сынга түскен ұлттық құрама 0:5 есебімен жойқын жеңіліс тапты.

Маусым айында бастау алған биылғы турнирдің 1/8 кезеңіне 16 команда өтіп, плей-оффқа жолдама алды. Атап айтсақ: Испания, Грузия, Германия, Дания, Португалия, Словения, Франция, Бельгия, Румыния, Нидерланд, Аустрия, Түркия, Англия, Словакия, Швейцария және Италия.

Плей-оффқа шыққан құрамалар арасындағы тартыстан ширек финалға 8 ел өтті. Олар:



Испания, Германия, Португалия, Франция, Нидерланд, Түркия, Англия және Швейцария. Аталған реттілікпен құрамалар жартылай финалда (1/4 кезеңде) бақ сынау үшін тартысқа түсетін болады.

Биылғы ЕУРО күтпеген жаңалықтарға толы өтеді. Мәселен, бұған дейін плей-офф кезеңіне шықпаған Грузия құрамасы биыл топ жарып, Португалия құрамасын 0:2 есебімен ұтты. Осы нәтиже көрсеткішімен олар плей-оффқа ЕУРО тарихында

тұңғыш рет жолдама алды. Грузия құрамасынан Георгис Микауазадзе, Хвича Кварацхелия шабуылшылары ерекше көзге түсіп, қақпашы Георги Мамардашвили көпшілікті таңғалдырды. Олар үздіктер қатарынан табыла білді. Бір қызығы, Хвича Кварацхелияның футболдағы кумирі – Криштиану Роналдо. Бала кезінен оған қарсы ойнап, жейдесін сыйлыққа алғысы келген ол осы чемпионатта арманына жетті. Португалия құрамасының қақпасына гол соқ-

қаннан кейін кумирінің тойлау үлгісін қайталап, көпшілікті таңғалдырды.

Ал үміт күттірген, әдетте фаворит деп танылатын Франция құрамасы екі автогол және бір пенальти голымен ширек финалға жол тартты. Әлеуметтік желі қолданушылары Еуро-2024-тегі «ен үздік шабуылшы – автогол» деп әзілдеуде. Расымен, бұл чемпионатта 7 автогол соғылды. Бұған дейін рекорд ЕУРО-2020-да болды. Ол кездегі автогол саны – 11.

Бүгінде ең үздік бомбардирлер Гапо Коді (3 гол), Джамал Муснала (3), Шранц Иван (3), Георгис Микауазадзе (3) және Джуд Беллингем (2) деп танылуда. Бұл – алғашқы бестік. Сондай-ақ Испания құрамасының жас ойыншысы Ямал Ламини ЕУРО тарихындағы ең жас ойыншы атанды. Оның жасы небәрі 16-да, десекте футбол алаңында үздік ойын көрсетіп, бірнеше голдың соғылуына тікелей себепкер атанды. Бұл қатарға түркиялық Арда Гюлерді де қоссақ болады. Жас болса да, қақпаға гол соғып, бірнеше ассист жасады. Бұл мақтауға тұрарлық жетістіктер.

Ал аты аңызға айналған, соккер тарихындағы ең үздік футболшылардың бірі Криштиану Роналдонның чемпионатта асығы алшысынан түспей тұр. Оған қоса ол бұл ЕУРО-2024 кәсіби футболшы мансабындағы соңғы

чемпионаты екендігін жария етті. Дүйсенбі күні өткен матчта көзіне жас алған Роналдо көптеген футбол фанатының жүрегін ауыртқаны сөзсіз.

Алайда Португалия құрамасы ширек финалға жолдама алды. Словения құрамасымен тартыстағы матчтың негізгі және қосалқы уақытында гол сала алмаған португалиялықтар пенальти сериясында қатарынан 3 голды жібермей, ширек финалда Франциямен тайталасатын болады. Португалия құрамасының қақпашысы Диего Кошта үздік ойыншы деп танылды. Сондай-ақ ЕУРО тарихында 3 пенальти сериясын жібермеген тұңғыш қақпашы атанып, рекорд орнатты.

– Олар Криштиану Роналдонды жылатты. Мен бұны өзіме қабылдадым, қарсыластың бетін қайтаруға шешім қабылдадым. Артық ештеңе жоқ, біз ¼ кезеңдеміз, – деді Португалия құрамасының негізгі қақпашысы Диего Кошта.

Тартысты өтіп жатқан ЕУРО-2024-тен күтеріміз көп. Алаңда ала доппен үздік шыққан командалар 5 шілдеден бастап жартылай финалға жолдама алу үшін тартысатын болады.

Қорлан САРЫ

АСПАН ӘЛЕМІ

ШАБЫТТАНДЫРАДЫ

Басы 1-бетте



– Алғаш ұшқаныңыз есіңізде ме? Қандай әсер алдыңыз?

– Әуеге бірінші рет көтерілуім жадымда мықтап сақталды. Сол бір қас-қағым сәтте өзімді аспан әлеміне көтеріліп, қанаттары жайылып, еркін самғап бара жатқан қырандай сезіндім. Әрине, қуаныш пен толқу да болды. Терезеден көрінген кен дала мен асқар таудың көрінісі ертегідей әсем, ерекше әдемі болатын. Ұшақтың самғаған сәтіндегі тыныштық пен жеңілдік сезімі – мен үшін бұл дүние жүзіндегі ең керемет сәттердің бірі еді. Сол кезде аспанның құдіретін, шексіздігін және біздің арман-мақсаттарымыздың да соншалықты биік болуы керектігін түсіндім.

Нақтырақ айтатын болсам, алғаш рет 2020 жылы жеңіл ұшақпен жалғыз өзім Тараздан Түркістан қаласына ұштым. Бұл академиядағы практикалық дәріс болғаннан кейін жалғыз ұшуға мүмкіндік берілді. Ал кәсіби маман ретінде алғаш рет Астана-Петропавл бағытындағы ұшақты тізгіндедім.

– Мансабыңызға тоқталсақ, бүгінде қай жерде жұмыс істейсіз? Қандай ұшақты басқарасыз?

– Академияны аяқтағаннан кейін Қазақстандағы әуекомпаниялардың бірі «Qazaq air»-ге жұмысқа шақырту

алдым.

Бұл мен үшін керемет мүмкіндіктің бірі болды. Еңбек жолыма кіріспес бұрын Швеция мемлекетінің астанасы Стокгольм қаласында 1,5 ай оқу оқыдым. Бүгінде Bombardier Q400 әуе кемесінің екінші ұшқышы қызметіндемін.

– Әуедегі Мәди мен өмірегі Мәдидің айырмашылығы бар ма? Ұшқыш болу сіздің жеке өміріңізге қалай әсер етеді?

– Аспанда да, жерде де әрдайым жақсы көңіл-күймен жүруге тырысамын. Әрине, әуеде ұшып жүрген сәтте керемет сезімге бөленеміз. Оны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Ұшқыш болу – бүкіл өміріңді осы мамандықпен байланыстыру деген сөз. Сол себепті уақытыңның көп бөлігін жұмысқа арнайсың. Бұл жеке өмірге уақыттың тым аз болатынын білдіреді. Дегенмен адам кез келген жағдайда өз өміріне уақыт тауып, барынша үлгеруі тиіс деп ойлаймын.

– Назарбаев Зияткерлік мектебінде космонавтика саласын зерттегініз туралы айтқаныз. Ракета тізгіндеу ойда бар ма?

– Мектеп кезінде авиацияға құштарлығым осы космонавтикадан басталған болатын. Бір сөзбен айтқанда, авиацияға келуіме себепкер болды. Болашақта космонавтикаға келуге қандай да бір мүмкіндік болса осы салада жұмыс істеп, өзімді сынап көргім келеді.

– Әлеуметтік желідегі парақшаңызда «аспандағы өмір» деген жазбаны байқадым. Аспан сіз үшін нені білдіреді?

– Аспандағы өмір – менің өмірімің мәні. Сондықтан бұл тіркес мен үшін маңызды рөл атқарады. Аспан әлемі керемет сезімдер сыйлайды және де мені шабыттандырып, болашаққа деген үмітімді арттырады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Әлия ТӨЖІБАЙ

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері Ләззат Жалғасбайқызымен әңгімелесіп отырып, музей қорындағы ерекше ақ киіммен таныс болдым.

АЛЬБАРКАС

НЕМЕСЕ ҮШ ТАҚАЛЫ

АҒАШ АЯҚ КИІМ



Музей қорында ағаштан ойып жасалған аяқ киім үлгісі бар. Бір қызығы, бұл аяқ киім үш тақалы.

– Аяқ киімнің ерекшелігіне қызыға отырып, зерттей келе Испания елінің Кантабрия провинциясында альбаркас үш бөлек тақасы бар аяқ киім үлгісі бар екеніне көз жеткіздік. Кантабрия альбаркасы – бұл әсіресе Испанияның солтүстігіндегі Кантабрия шаруалары пайдаланған, қатты ағаш аяқ киім. Көршілес Астурия провинциясында мадрен стилінде әлі күнге дейін ауылдық жерлерде кеңінен қолданылып келеді делінген кей деректерде. Бір тақасы өкше тұсында, ал қалған екеуі табан жастықшасының бөлігінде орналасқан. Аяқ киімнің үш тақалы болуының себебі балшықты жерлерде аяқтың бүлінбеуіне көп септігін тигізген. Тақаларының бәрі қонус тәрізес, тақалы аяқ киім қазіргі таңда сәндік үшін қолданылса, ертеректе балшықты өңірлерде кеңінен пайдаланған. Аталмыш аяқ киімде тақаларының төменгі жағы үшкірленген, табан бөлігі жалпағырақ келген, – дейді Л.Жалғасбайқызы.

Ұзындығы 34 см, ені 11 см, қабырғасының қалыңдығы 1 см өкше тақасының биіктігі 8 см, табан жастықшасының бөлігінде орналасқан тақа биіктігі 7 см, аяқ киім ішінің өкше бөлігінің биіктігі 4 см, бас жақ бөлігінің биіктігі 7 см. Шамамен аяқ өлшемі 43-44 размерлі аяқ киім екен.

– Ағаш аяқ киімдер көптеген елдің дәстүрлі киім үлгісі. Ағаштан жасалған аяқ киімді Европа елдерінде қарапайым адамдар мен балықшылар киген. Ағаш аяқ киімдердің қалай қай елде пайда болғандығы туралы нақты мәлімет айту қиын. Археологтардың зерттеу жұмыстары нәтижесінде б.з.д 15 мың жыл бұрын тасқа салынған суреттер Испания жерінен табылған. Қазір көптеген адам тақалы аяқ киімді әйелдердің қажеттілігінен туындады деген кәте ойда жүр. Людовик XVI заманында тақалы аяқ киімдердің тақа биіктігі лауазымына байланысты өзгеріп отырған. Тақа биіктіген сайын лауазымы жоғары екендігін аңғартқан. Әйелдердің тақалы аяқ киімін алғаш XVI ғасырда Екатерина Медичи күйеуінен бойындық қысқалыған жасыру мақсатында ойлап тапты деседі, – дейді маман.

Ал қазақ даласында малшылар тұяқ тақа деген атаумен аяқ киімді балшықтан не мал көңінен сақтап, таза ұстау үшін бергін келе ағаштан, ілгеріректе мал тұяғынан жасалған бұйымдарды пайдаланған. Жасалу мақсаты испандықтармен сабақтасқан. Тұяқ тақаның жасалу техникасы жаңа сойылған жылқының төрт тұяғын ажыратып, тазалап алады да, алдыңғы аяқтың тұяғы мен артқы аяқтың тұяғын жұптап, бірнеше жерінен тесіп қайыстан бау жасап аяқ киімге матап байлап алған.

Музей маманының айтуынша, бұл экспонат қорға атакты коллекционер Азат Әкімбектің 2015 жылы ұйымдастырған көрмесімен бірге келіп, коллекционер өз коллекциясынан бірнеше затпен қоса осы бір ерекше ағаш аяқ киімді музейге құрметпен тапсырып кетіпті.

Айдар САЙЛАУОВ



САЯНЫҢ СЫРЫ

5-СЫНЫПТА 200 МЫҢ ТЕҢГЕ АЙЛЫҚ АЛДЫМ

Басы 1-бетте

9 ЖАСЫМНАН БАСТАП САБАҚ БЕРДІМ

– Мұғалім ретінде алғашқы тәжірибеңіз қалай өтті?

– Алғашқы жобам ерікті түрде америкалық кеңесте бабаларға сабақ беру болды. Кеңестің координаторы менің ағылшын деңгейімді байқап, маған сол клубты жүргізуге ұсыныс айтты. Мұғалім ретіндегі алғашқы жұмысым осылай басталған еді. Сол клубта сабақ өткізген маған қатты ұнайтын, әр сабағымға мән беріп, тиянақты дайындалуға тырысатынмын. Ал оқушыларыма ағылшын тілін табиғи түрде, яғни өлең айтып, диалог құрап үйреттім. Жалпы 9 жасымнан бастап сабақ беруді қолға алдым.

– Ең сәтті шыққан кейспен бөліссеніз...

– Біздің орталықтың түлегі Аружан есімді оқушымыз мақтанышпен айта аламын. Ол біздің мектепке бастапқы деңгейімен келді. Мықты мұғалімдерден дәріс алып, дұрыс әдістеменің арқасында небәрі 3 айдың ішінде халықаралық IELTS емтиханын 7 ұпайға тапсырып шықты. Бұл – өте керемет көрсеткіш. Бұл нәтиже ағылшын тілін судай еркін меңгерді деген сөз. Бүгінде Аружан Италияда грантта оқып жатыр. Осы секілді кейстер біздің мектепте өте көп. 2 айдың ішінде Intermediate деңгейімен шақыртымыздың емтиханды 7 ұпайға тапсыруына кепілдік береміз.

– 14 жасыңызда екі оқу орталығын аштыңыз. Осы орталықтарды ашу үшін қандай қиындықтармен бетпе-бет келдіңіз?

– Бұл кәсіпті ашуда сырттай қаржылық қолдау болмады. Мен 5-сыныбымда зияткерлік мектепте сабақ беріп, 200 000 теңге көлемінде айлық алып жүрдім. Міне сол кезеңде жиналған қаржыны орталық ашуға жұмсадым.



Бастапқыда ақша көп болмаған соң өзім сабақ беріп, куратор, SMM маман болып, тіпті мектептің еденін де өзім жуып жүрдім. Барлық уақытта анам қасыма болып, көмектесіп, қолдау білдірді. Ең бастысы ол кісі маған риясыз сенді.

– Орталық туралы толық айтсаңыз. Қай қалада орналасқан, оқыту режимі қандай, командаңызда кім бар?

– Біздің орталықтың ашылғанына биыл 3 жыл болады. Бүгінде дейін 3000-нан астам шәкірт оқыттық. Білім алушыларымыздың 85%-ы шетелдік немесе қазақстандық жоғары оқу орындарына грант ұтып алып, үлкен халықаралық ұйымдарға жұмысқа шақырту алып, ағылшынша еркін сөйлеуге дағдыланды. Біздің офис Алматы қаласында орналасқан. Аптаның 6 күнінде таңғы 8:00-23:00 аралығында үздіксіз сабақ өтеді. Ал жексенбі күндері «МОК» тесттерін өткіземіз. Біздің командада 20-дан астам мықты маман жұмыс істейді. Оның ішінде мұғалімдер, маркетинг мамандар, сату бөлімі және тағы басқа бөлімдер бар.

Біздің мектеп IDP IELTS және британдық кеңеспен ресми түрде байланыс орнатты. Бұл серіктестік орталықтың оқыту саласында халықаралық деңгейге шығуына көмектесті. Сондай-ақ мұғалімдердің біліктілігін тексеріп, жаңа деңгейге жетуге ықпал етеді.

ЖЕТІ ЖАСЫМДА АҒЫЛШЫНША ЕРКІН ОЙЫМДЫ ЖЕТКІЗЕ АЛДЫМ

– Сіз ТМД елдеріндегі ең жас IELTS экстерсісіз. 8,5 баллаға қол жеткізгенде қандай дайындық стратегияларын қолдандыңыз? IELTS емтиханын сәтті тапсыру үшін қандай кеңес берер едіңіз?

– Алғашқы емтиханды 11 жасымда тапсырдым. Speaking кезеңінде 8,5 ұпай жинадым, ал жалпы балым 6,5 болды. Негізінде өзіме қажет ұпайға қол жеткізу үшін маған 5 жыл уақыт қажет болды. Мен 7 жасымнан ағылшынша еркін ойымды жеткізе алатыным қарамастан дұрыс стратегиялар мен

техникаларды білмеген соң, алғашқы емтиханда өзіме қажетті нәтижені жинай алмадым. Уақытыңызды, энергияңызды жоғалтпай, мықты мұғаліммен, дұрыс әдістеменен дайындалу маңызды екенін айтқым келеді. Ағылшын тілі дағды болғандықтан, ол жақта белгілі бір лайфхак жоқ. Теория мен практиканы қатар алу керек.

– Жеке өмір мен кәсіпкерлікті қалай үйлестіресіз?

– Иә, қазір 10-сыныпты тәмамдадым. Дамуға, дағдыларды жетілдіруге арнадым, ал жеке өмірім қатты дамыды деп айта алмаймын.

– Міне, 1 қадам алға бассаңыз студент атанасыз. Қандай мамандықты таңдадыңыз және бұл таңдауыңызға не себеп болды?

– Иә, қазір 10-сыныпты тәмамдадым. Мамандық таңдау үстіндемін. Саясаттану ғылымдары немесе заң факультетіне барамын.

– Болашақта қандай жоспарыңыз бар? 5 жылдан кейінгі Саяны қалай елестетесіз?

– Алға қойған армандарына қол жеткізген, қабілетін толық ашып, потенциалы мықты, қоғамның жақсаруына, еліміздің өркендеуіне үлес қосатын, анасына қамқор тұрға ретінде көремін.

– Ағылшын тілін меңгеру оңай деседі. Тіл үйреніп, жарқын болашаққа қадам жасаудың құпиясы қандай?

– Ол ең алдымен тәртіп және Джейс Клир айтпақшы, әдеттер. Кәсіби маманға айналу үшін белгілі бір уақыт пен сабырлық қажет. Бүгінгі әрекет – ертеңгі жеміс. Сондықтан қазір көзге көрінбесе де тұрғалық дамуға күш жұмсаған абзал. Ал болашақта соның жемісі мен жеңісі алдыңыздан шығары анық.

– Жауабыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Әлия ЖАНӘБІЛҚЫЗЫ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айдар САЙЛАУОВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Нұршат НЫШАНОВА

Таралымы: 6890
Тапсырыс: 1048